

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 169 (9746)

1955

жылғы

26

август

Жұма

Шығуына 36 жыл.  
жеке саны 20 тыйын.

## Егін жыйнау мен астық дайындауда ұйымдастырушылық жұмыс күшейтілсін

ССРО Орталық Комитетінің июль Пленумы колхозшылар мен колхозшы әйелдерді, комбайншылар мен тракторшыларды, МТС және совхоз жұмысшылары мен мамандарын, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерін, ауыл шаруашылығының заңдарын орындайтын өнеркәсіп орындарының жұмысшыларын, инженерлері мен техниктерін өздерінің қажырлы еңбегімен ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру, ауыл шаруашылығын өнан әрі өрге бастыру жөнінде партия алға қойған міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге шақырды.

Партияның шақыруына жауап ретінде егін жыйнау мен астық дайындауда егін даласы еңбекшілерінің жарысы кеңінен өріс алды. Социалистік жарыстың нәтижелері алдыңғы қатарлы республикалар мен облыстардың, аудандардың, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың табыстарынан айқын көрініп отыр. Барлық совет адамдары Украин ССР-нің, Молдаван ССР-нің, Краснодар әлкесінің, Каменск және басқа да облыстардың колхоздары мен совхоздарының астық дайындау жоспарын орындағандығы жөніндегі хабарды аса қанағаттанғандықпен қарсы алды. Еліміздің алдыңғы қатарлы аудандары астық дайындау жоспарын орындай отырып, мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыруға міндеттемелер алды және оларды ойдағыдай орындап келеді. Мәселен, Каменск облысының колхоздары мен совхоздары көзінді өзінде жоспардан тыс 16 миллион пұттан астам астық тапсырып отыр.

Мұнымен бірге ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің, ССРО Совхоздар министрлігінің, ССРО Дайындау министрлігінің мәліметтері, сол сияқты, жергілікті жерлерден түсіп жатқан хабарлар бірқатар облыстарда егін жыйнау мен астық дайындауда қажетті ұйымшылықтың жоқ екендігін көрсетеді. Ол ол ма, кейбір басшылардың арасында жайбарақаттық пен төкмейілушілік байқалады. Көп ретте көктемгі егістері табыстар жөнінде дауырығын, егін жыйнау мен ас-

тарында да істің жайы осындай. Горькийдіктер егін жыйнауға Арзамас облысына қарағанда анағұрлым қуатты техникалық базаға ие бола тұрса да, астық тапсыруды өздерінің жершілерінен екі еседей шабан жүргізіп келеді.

Келтірілген мысалдар кейбір облыстардың артта қалушылығы ең алдымен ССРО облыстық комитеттері мен облыстық атқару комитеттерінің егін жыйнау мен астық дайындау сияқты аса маңызды саяси-шаруашылық науқанға қанағаттанғысыз басшылық жасауының салдары екендігін тағы да бір рет дәлелдейді.

Артта қалған облыстардың егін жыйнау мен астық дайындаудың қарқынын августтың соңғы күндерінде шұғыл арттыруларына мүмкіншіліктері бар. Бірақ бұл үшін еңбектегі қарқынды күшейту, партия және совет органдарының ұйымдастырушылық жұмысын жақсарту керек. Өңіміе мынада: облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеттері егін жыйнау мен астық дайындауда әрбір ауданның, ал аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттері әрбір колхоздың мүмкіншіліктерін біліп отыратын болсын. Өңіміе мынада: облыстық және аудандық ұйымдардың басшы қызметкерлері өздерінің мүмкіншіліктерін толық пайдалану жөнінде әрбір колхозға көмектесіп отыратын болсын. Бұл күндері облыстық және аудандық қызметкерлердің орны—колхоздарда, совхоздарда, МТС-терде, дайындау пункттерінде. Сол өздерінің алдындағы нақты мақсатты көре білуге: егін жыйнауға еңбекке жарайтын барлық адамдардың қатысуын қамтамасыз етуге, комбайншылардың тәуелсіз жоғары өнімділігіне жетісуге, астық тазартуды жолға қоюға, астық тапсыру жөніндегі тапсырманы күнбе-күн орындап отыру мақсатында автомобиль және көлік транспортының анағұрлым толық пайдаланылуын қадағалауға тиіс.

Бұған, егер партия ұйымдары егін жыйнау мен астық дайындауда жүрген еңбекшілердің белсенділігін арттырса, комбайншылардың, шоферлар мен басқа

## ЖЕНЕВАДАН ТЕЛЕГРАММА

22 АВГУСТ 1955 ЖЫЛ

### ССРО Министрлер Советінің Председателі БУЛГАНИНГЕ

МОСКВА

Конференцияның ашылуына жіберген Сіздің ізгі тілектер білдірген және конференцияда академик Скобелыңның оқыған арнаулы хатыңыз үшін және конференцияның ойдағыдай өткізілгені жөнінде құттықтаған, осы саладағы халықаралық ынтымақ алдағы уақытта да бола беретініне сенім білдірген Сіздің екінші арнаулы хатыңыз үшін атом қуатын бейбіт жолмен пайдалану жөніндегі халықаралық конференцияға қатысушылардың баршасының атынан ұлы мәртебелі Сізге алғыс айтамын; бұл арнаулы хатты мен қорытынды мәжілісте конференцияға қатысушыларға оқып бердім. Сіздің арнаулы хатыңыздың екеуін де барлық қатысушылар жоғары бағалады және олар атом қуатын бейбіт мақсаттар үшін пайдалану жөніндегі біздің таленттарымызды ынталандыратын қайнар бұлақ болып қызмет етеді.

Хоми БАБА,

Атом қуатын бейбіт жолмен пайдалану жөніндегі халықаралық конференцияның председателі.

Женева.

### Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне, ССР Одағының Министрлер Советіне

Бухарестегі салтанатты жыйналысқа қатысушылардың құттықтау телеграммасы

Румынияны жеңімпаз Совет Армиясының азат етуінің және халықтың патриоттық күштерінің фашистік өктемдікті құлатуының онбір жылдығына байланысты салтанатты жыйналысқа жыйналған Бухарестің еңбекшілері ұлы совет халқына, Совет Одағының даңқты Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне және Совет үкметіне өз жүректерінің терең түкпірлерінен шыққан жалынды сөлемін жолдайды.

23 август күні біздің халқымызға жаңа өмірдің жарқын перспективасын ашты, оған өз тағдырын өз қолдарына алып, социализм орнату жолына түсуге мүмкіндік берді. Біздің Отанымыздың еңбекшілері фашистік басқыншыларды қуып шығу жолындағы, біздің елімізді азат ету жолындағы, халықтардың бейбітшілігі мен бостандығы жолындағы күресте өзінің қанын төккен совет жауынгерлерінің қаһармандық құрбандықтарын ерқашан да сүйіспеншілікпен және өте берілгендікпен есінде сақтайды. 23 август күні ерқашан да Румын халқының ұлы совет халқымен мырғымас достығының бейнесі болып қала береді.

Халықтың өкмет жылдарында біздің еліміздің қалалары мен селоларының еңбекшілері Румын жұмысшы партиясының басшылығымен өзінің шың берілген еңбегінің мол жемістерін жыйнады. Ұлы Совет Одағы беріп отырған жан-жақты және туысқандық көмек болмаса, біздің халқымыздың елдің расырлар бойы артта қалушылығын жою үшін және жаңа ауқатты өмірді өрге бастыру үшін жұмсап отырған күші бүгін өзін қуанышты отырған нәтижелерін бере алмайтынын біздің еңбекші халқымыз жақсы біледі. Біздің бүгінгі жыйналысымызға байланысты осы туысқандық көмек үшін тағы да жалынды алғыс айтып, шың ниетімізді білдіреміз. Біздің отанымыздың еңбекшілері бұған былай да социализм орнатуы үшін

Бухарестегі салтанатты жыйналысқа қатысушылардың құттықтау телеграммасы (1-бет).

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1-бет).

Ұстаның үлкен семьясында (1-бет).

Қ. Шұңғұлшин, Х. Рахматуллин. —

Әлі ыргалын, жырғалуға (1-бет).

Ж. Төшенев. —Халықтарын тусқан

семьясында (2-бет).

Барлық күш ССРО Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысын жүзеге асыру күресіне жұмылдырылсын (3-бет).

СЫПЫРДЫҢ СҮТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС: Сүт саууда озат сауыншылар қатары та қосылатын болайық (3-бет).

КШНО. А. Қазиев. —«Княжна Мери» (4-бет).

М. Ахметов. —Совхоз кітапханашысы (4-бет).

Совет ауылшаруашылық делегациясының АҚШ-та болуы (4-бет).

Бухарестегі парат пен еңбекшілер демонстрациясы (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

## Шаахмед Шамахмудов пен Бахра Акрамованы „Құрмет белгісі“ ордендерімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Кәзіргі уақытта төртеуі өз беттерінше еңбек етіп жүрген, біреуі Совет Армиясы қатарында, басқалары соғардың тәрбиесінде және мектептерде оқып жүрген 14 баланы балалар үйінен алып тәрбиелеп өсірген Ташкент қаласы, М. И. Калинин атындағы артельдің мүшесі Шаахмед Шамахмудов пен оның әйелі Бахра Акрамованың жоғары саналылығы мен патриотизмі атап көрсетілсін.

Мемлекет пен халық алдында еңірген осы еңбектері ескеріліп, Шаахмед Шамахмудов пен Бахра Акрамова «Құрмет белгісі» ордендерімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль

23 август, 1955 жыл.

## Ұстаның үлкен семьясында

ТАШКЕНТ, 23 август. (ТАСС). Ташкенттің Жарарық көшесіндегі № 68 үй үлкен саялы бау-ағаштарының ортасында орналасқан. Қала тұрғындары бұл үйді жақсы біледі. Мұнда Өзбекстан астанасына белгілі ұста Шаахмед Шамахмудовтың — қарапайым совет адамының семьясы тұрады.

Ұстаның үйіне қуанышты хабар жетті. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша жоғары дәрежеде саналылықпен патриотизм көрсеткен үшін, мемлекет пен халық алдында еңірген еңбектері үшін Шаахмед Шамахмудов пен оның әйелі Бахра Акрамова «Құрмет белгісі» ордендерімен наградталды.

Бұл Ұлы Отан соғысы кезінде болған оқыйға. Барлық жерлерде біздің Отанымыздың еңбекшілері балаларға, әсіресе жау оккупациясының хауіпне ұшыраған аудандарда еліміздің алыс түпкірлеріне өкелтілген балаларға зор қамқорлық жасады.

Бір күні Ташкентке соғыста ата-аналарынан, туған - туысқандарынан айрылып қалған бала-

леуге алды, олардың екеуінің туғанына бірнеше ай ғана болған еді.

Шаахмед Шамахмудовтың семьясында балаларды тәрбиелеуге қажеттінің бәрі де болу үшін мемлекет қамқорлық жасап отырды. Оның үйі кеңейтілді, жаңа бөлмелер салынды. Уақыт өзі берді, бау үлкейді, Шаахмед пен Бахраның тәрбиелеп алған ұл-қыздары да өсіп ұлы жолға қадам басты. Өздерінің дағдыдан тыс үлкен семьясы оларды орасан зор бақыт пен қуанышқа жеткізіп отыр.

Жуырда өзбек шахтерлерінің қаласы —Ангреннен бұл семьяға ұлы—татар Рафик Шамахмудовтан хат келді. Ол Ташкенттің кен техникумын бітіріп, шахтаның сменалық мастері болып шыққан. Рафиктің орыс ағасы Федор да оның жолын қуған. Молдаван қызы Ольга мен украин ұлы Саша кәсіпшілік артелінде жұмыс істейді. Кейіне олар жұмысшы жастар мектебінде оқыйды. Ұлкен ұлы —Михаил Совет Армиясының қатарында қызметте жүр.

Шаахмудовтың екі түлегі бесінші класка көшті.

қамқорлыққа бөленіп, оларға көңіл бөлінетін біздің елімізде ғана қарапайым жұмысшы осындай үлкен семьяны өсіріп тәрбиелей алады.—дейді Шаахмудов. —Бұрынғы кезде жағдай мұндай емес еді. Менің 8 ағайындарым мен апа-қарындастарымның ішінен тек өзім және бір інім аман ғана қалдық. Ұлы Октябрьге дейін мыңдаған еңбекші семьялардың керетін күні қайыршылық пен ашаршылық болатын.

Шаахмед Шамахмудов көзіп 65 жаста, бірақ мұншама жасқа келгеніне қарамастан ол әлі де қайратты, еңбек сүйгіш, жігерлі. Кәзір өнерін ата-бабаларынан мұра етіп үйренген шебер ұста Өзбекстандағы ең таңдаулы шеберлердің бірі болып есептеледі. Ол көптеген жас жұмысшыларды осы шеберлікке үйретті.

Шаахмудовтар ауқатты тұрады. Қарттар мен балалар үлкен екі үйдің тоғыз бөлмесінде орналасқан. Тағы да екі үй салынып жатыр, бау-жүзімдік және огород бір гектардай жерді алған.

Жұмыс күні аяқталғаннан кейін қарт жұмыс-



тық дайындаудың ұйымшылдығын жеткізетін фактілеріне сөкпай өтетін басшылар да табылады. Олар ауылшаруашылық жылының бұл аса жауапты кезеңінде еңбек қарқынының бәсеңдеп кеткендігін байқамайды.

Мысалға Ставрополь өлкесін алайық. Ол егін жыйнауды бұрын бастағандардың бірі. Бірақ мұнда астық дайындау жоспары әлі орындалған жоқ. Егін жыйнауы біржарым-екі алта кейін бастаған соңғұстаймақ жақын облыстар мемлекет алдындағы міндеттемелерін кәзірдің өзінде орындады, ал Ставрополь әлі күнге дейін үлкен борышқа отыр. Соңғы күндерде өлке колхоздары мен совхоздарында мемлекетке астық талсырудың тоқтатылғандығын, ал өлкелік ұйымдардың бұл жағына шын мәнісінде тәзіп отырғандығын атап айтып болмайды.

Куйбышев облысының артта қалушылығын ешнәрсемен ақтауға болмайды. Бұл облыстың колхоздары мен совхоздарында үстемізіндегі жылдың 20 августына дейін өткен жылдың осы мерзіміне дейінгідей дәнді дақпы жыйнады. Сондықтан астық дайындау қарқыны өткен жылғыдан төмен емес, жоғары болады деп күту қажет еді. Іс жүзінде былай болмай отыр. Колхоздар мен совхоздар дайындау пункттеріне астықты өткен жылдағыдан ондаған мың тонна кем талсырды.

Мүмкін облыста комбайндар, автомашиналар немесе басқа техника 1954 жылдағыдан аз болар? Жоқ, Куйбышев облысында машиналар өткен жылдағыдан аз емес, қайта көп. Істің мәнісі мынада болып отыр: Куйбышев облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті егін жыйнау мен астық дайындауды ұйымдастырушылық жұмысты бәсеңдетіп алды, жайбарақаттық пен төкмейілушілік кейіпке тойтарыс бермеді. Астық дайындау бетімен жіберілді және бұл жай әлі жоғын жоқ. Облыста транспорттың пайдаланылуы нашар, дайындау пункттеріндегі тәртіпсіздіктер жойылған жоқ.

Ставрополь өлкесі мен Куйбышев облысы некенен аяқ емес. Астық дайындау жоспарын орындауда Россия Федерациясының басқа да бірқатар облыстары артта қалып келеді. Мұнда шамамен айтқанда, бірдей жағдайдағы жершілес облыстарда істің барысы түрліше болып отырғандығын байқауға болады. Орел және Тула облыстары — көршілес облыстар. Бірақ мұның алғашқысында астық тапсыру талсырмасы 80,5 процент орындалса, онда тапсырманың орындалуы екіншісінде — 34 процент ғана болып отыр. Немесе Воронеж және Липецк облыстарын алайық. Бұлар да сол сыяқты бір жағдайдағы облыстар. Соған қарамастан, астық дайындау қарқыны Липецк облысында Воронеж облысындағыдан екі есе төмен. Арамас және Горький облыс-

да жұмысшылардың жарысын жекерлікпен ұйымдастырса ғана жетісуге болады. Бірқатар аудандар мен облыстарда дайындау пункттеріндегі тәртіпсіздіктер астық талсыруды кешеуілдетіп отыр, бұларда астығын түсірту үшін машиналар бірнеше сағат тұрып қалады. Дайындау министрлігінің астықтың үздіксіз қабылданылуын қамтамасыз ететін шаралар қолданатын мезгілі жетті.

Астық өндірісінде совхоздар үлкен орын алады. Олар мемлекетке жүздеген миллион пұт астық талсыруға тиіс. Соған қарамастан, бірқатар облыстардың совхоздары астық дайындауда елеулі түрде артта қалуға жол берді, астық тасуды нашар ұйымдастырып отыр. Көп астық қырманда да бөтелуде. Жергілікті партия және совет органдары совхоз қызметкерлеріне талапты күшейтумен бірге, артта қалушылықты таяудағы күндердің ішінде жою, сойтіп астық дайындау қарқынын арттыру үшін совхоздарға жұмысшы күші мен транспорт құралдары жөнінде қажетті көмек көрсетуге тиіс.

Егін жыйнау мен астық дайындауды өткізу — бүкілхалықтық іс. Бұған егін даласының еңбекшілерімен бірге теміржолшылар да, ауылшаруашылық машиналарын жасаушылар да, жүздеген түрлі кәсіпорындарының коллективтері де қатысады. Бірақ барлық теміржолшылардың, барлық кәсіпорындарының бәрі бірдей ауыл шаруашылығына көмекті күшейту жөніндегі міндетті мінсіз орындап отырмағандығын айта кету керек. Теміржолшыларға қысқа мерзім ішінде Оңтүстік аудандардан Орталық пен Шығыс аудандарға мыңдаған комбайндарды жеткізу тапсырылған. Олардың, сонымен бірге, комбайндар мен автомашиналар үшін мыңдаған тонна жанармай да тасуы қажет. Бірақ жолдарда бұл жүктер баяу жылжып отыр. Министрліктің басшы қызметкерлерінен бастап қатардағы жұмысшыларға дейін — теміржолшылардың міндеті — егін жыйнауға байланысты жүктерді мерзімінен бұрын жеткізу шараларын қолдану.

Трактор және ауылшаруашылық машина жасау министрлігі бірқатар кәсіпорындарының осы уақытқа дейін ауыл шаруашылығына машина беру жөніндегі қауырт тапсырманы орындамай отырғандығына танданбаққа болмайды.

Егін жыйнау мен астық дайындауды әрбір күн, әрбір сағат қымбат. Егін жыйнау да титтей де болса кешігу зор астық ысырабына әкеп соқтырады. Сондықтан егін жыйнауды тез аяқтауға және астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындауға барлық күшті жұмылдыру қажет.

(«Правданың» 23 августағы басмақаласынан).

лж жолымен айнымастан алға баса береді.

Бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға өте ынтызар болып отырған румын халқы халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі табыстарды қуанышпен құттықтайды. Біздің халқымыз Совет Одағының халықтар арасындағы бейбітшілік ісіне жұмсап отырған дәйекті күш-жүгерін қызу құттықтап, қолдайды. Халық шаруашылығын социализм жолымен онан әрі дамыта беру жолында қасқымастан күресе отырып, румын халқы Совет Одағының, Халықтық Қытайдың және халықтық демократияның басқа елдерінің халықтарымен бірге, бүкіл дүние жүзінің жүз миллиондарын бейбітшіл адамдарымен бірге халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету жолындағы, баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы күресті онан әрі белсенділікпен жүргізе беруге белін бекем байлап отыр.

23 август күнінің онбір жылдығын мерекелей отырып, біздің отанымыздың еңбекшілері совет халқымен мәңгілік достықты сақтап, нығайта беруге өзінің берік бел байлағанын білдіреді.

Біздің ұлы досымыз және азат етушіміз, халықтардың бейбітшілігі мен бостандығының тірегі — Совет Одағы жасасын!

Коммунизм орнатушы — дақты совет халқы жасасын!

Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясы және оның Орталық Комитеті жасасын!

Совет Одағының үкметі жасасын!

Румын және совет халықтарының арасындағы достық мәңгі жасап, гүлдене берсін!

## Қырманда астық тазалау тыңғылықты ұйымдастырылсын

### КҮН САЙЫН 56 ГЕКТАР

Ұзынкөл астық совхозының тәжірибелі комбайншысы Николай Прожерка жолдас СОКП XX съезі құрметіндегі еңбек вахтасына тұрып, тіркеудегі екі «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 45 гектар егін жыйнауға міндеттенген болатын. Ол міндеттемесін аброймен орындап жүр. Егін жыйнаудың алғашқы күнінен бастап Прожерка жолдас күн сайын 56 гектар егін жыйнауда.

Комбайншы Е. Яров және А. Кнор жолдастар да еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгісін көрсетуде. Олардың әрқайсысы «Сталинец—6» комбайнымен күніне 30—35 гектардан егін жыйнайды, ал жекелеген күндері агрегаттың еңбек өнімділігін 40 гектарға жеткізеді.

Озат комбайншылар еңбек өнімділігін арттырумен бірге егіннің ысырапсыз жыйналуына ерекше назар аударады. Осының нәтижесінде совхозда астықтың жалпы түсімі арттырылып отыр.

Б. БӘКЕНОВ.

### ҚЫЗУ ҚАРҚЫНМЕН

Чкалов атындағы колхоз (Мамлют ауданы) егін жыйнау мен астық дайындауды күн сайын өрістеген қарқынмен жүргізіп келеді. Мұнда тазартылған астықты дайындау пунктіне тасуға төрт жүк автомашинасы бөлінген. Олармен колхоз соңғы үш-төрт күн ішінде ғана Мамлют элеваторына 570 центнер астық тапсырды.

Ғ. ҒАНИЕВ.

лар бір эшелон болып келді. Мұны білісімен, Шаахмед пен оның әйелі Бахра балаларды тәрбиелеп алуды ұйғарды. Ұстанның үйінен 11 бала мен қыз пана тапты, аналық жылы сезім мен әкелік қамқорлыққа бөленді. Осылайша өзбек семьясында орыс балалары, украиндар, өзбектер, молдавандар, қазақтар, татарлар... тыныс тапты, бұдан кейін, соғыс аяқталған соң бұл үй тағы да үш баланы тәрбиеледі.

жетінші, енді бәреуі тоғызыншы класта оқыды. Қазақ қызы Халима бейылғы жылы оқуға түседі. Ең кішкентайы — өзбек қызына 3 жас толады.

Шаахмудовтардың үйінде балалардың шат-күлкісі әрдайым естіліп тұрады. Шаахмед пен Бахранның немерелері — Рафик пен Михаилдың балаларын да бақытты болашақ күтуде. — Балалар ерекше

### Кеншілер міндеттемелерін орындауда

ТУЛА. «Калининголь» тресінің № 66/60 шахта басқармасының кеншілері СОКП XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып жылдық программадан тыс 100 мың тонна отын беруге міндеттенді. Олар өздерінің патриот-

тық міндеттемелерін аброймен орындап келеді. Жыл басынан бері шахтерлер жоспардан тыс 65.881 тонна көмір берді. Кеше шахта басқармасының кіре беріс жолдарынан 9 айлық тапсырмаға қосымша бесінші эшелон отын тиелді.

## ӘЛІ ЫРҒАЛЫП, ЖЫРҒАЛУДА

«Еңбек» колхозының (Ленин ауданы) дәнді дақылдар егісінің көлемі 3300 гектардан асады. Мұның көбі кәзір қанық пісті. Ауылшаруашылық артелінің егінін жыйнауға бұл күндері 6 қуатты комбайн жұмыс істеп жүр. Олардан алынған астық орталық қырманға үздіксіз тасылуда. Міндет — осы астықты дереу тазалап, мемлекетке жөнелту.

Алайда, бұл жұмысты дұрыс ұйымдастыру ісімен не Образцова МТС-нің, не колхоздың басшылары осы күнге дейін жеткілікті шұғылданбай келеді. Олар «әлі де уақыт бар» деп ырғалып, жырғалуда.

Қырманға түскен дәнді тез тазалап, мемлекеттік қоймаларға үздіксіз жөнелтуге керекті механизмдер колхозда жеткілікті.

Оның үстіне қырман басындағы механизмдердің жүргенінен қарап тұрғаны көп. Мәселен, былтырғы егін жыйнаудан кейін МТС ауласына жеткізілмей қыс бойы осы қырманда тот басып тұрған, сойтіп, егін жыйнауға әзірлік кезінде жөндеуден тыс қалған үлкен «ВИМ» машинасы астық тазалауға кірісікімен-ақ, елеуіштері сынып, бірнеше күн іске жарамай тұрды. Қырман меңгерушісі К. Нұрғалиевтың өз ісіне салақ қарағандығынан Потапов конструкциясы бойынша құрастырылған қуатты вельканың валы бүлініп, ол да жұмысқа жарамай қалды.

— Дән тазалайтын машиналардың сынганын МТС-тің участювтік механигі Сур-

түске жақын шықты. Ал, бұрын «Еңбек» орта мектебінің шаруашылық жағын басқарған жас жігіт Әбділ Түйтенов «мен колхоз мүшесі емеспін» деп қоғамдық еңбекке тигі де қатыспайды. Көктемде ашылған балалар жесілінің бүкіл жаз бойы жұмыс істегендігінен өйелдер колхоз өндірісіне жақсы араласып келіп еді. Бірақ не себепті екені белгісіз, оны колхоз басқармасы жуырда жауып тастады. Соның салдарынан Бәрі Мусина, Алтын Ыбраева, Зада Жақыпова сыяқты балашағалы өйелдер қызу науқан кезінде үйінде отыр.

Астық тазалаудың шалағай ұйымдастырылғандығы қырманда кәзір 1,5 мың центнерден астам астықтың тазаланбай жатуына әкеліп соғып отыр. Колхоз қара бидай, сұлы сыяқты ерте пісетін дақылдарды оруға июль айының аяқ кезінде кіріссе, содан бергі жерде мемлекеттік дайындау пунктіне небары 200 центнерге жетер-жетпес қана астық тапсырды.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысы егінді ең қысқа мерзімде және шығынсыз жыйнап алудың елімізде астық өндірісін онан әрі арттыруда аса маңызды роль атқаратынын атап көрсетті. Олай болса «Еңбек» колхозы мен оны қамтыйтын Образцова МТС-нің басшылары (Үмітбаев және Корнев жолдастар) бұл істегі ырғалып-жырғалуды тоқтатып, істе жаңа қарқын туғызулары керек.

Қ. ШҰҢҒҰЛШИН,  
Х. РАХМАТУЛЛИН.



Бүгін Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының құрылғанына 35 жыл толды

# Халықтардың туысқан семьясында

I.

Бүгін—Советтік Қазақстанның өміріндегі дақты күн. Қазақ республикасының құрылғанына 35 жыл толды. Қазақ халқы, Қазақстанның еңбекшілері бұл дақты күнді дақты Коммунистік партияның басшылығымен, ұлы орыс халқының және Совет Одағының басқа да туысқан халықтарының ұдайы көмегі арқасында социалистік құрылыстың барлық учас-токтерінде қол жеткен елеулі табыстармен атап өтуде.

Қазақстанның кең байтақ даласы сағымдай толқыған жегідір Каспийден Алтайдың қарлы жоталарына дейінгі, Іле Ала тауынан Орал тауларына дейінгі жерде көлбеу жатыр. Ол өзінің территориясы жағынан одақтас республикалардың арасында, РСФСР-дан кейін екінші орын алады. Бірақ ежелден келе жатқан бұл жерде бұрын бақыт болмады. Революцияға дейінгі Қазақстан, патшалық Россияның отары ретінде шет аймағы болғандықтан, өзінің қоғамдық-экономикалық және мәдени дамуында Россияның орталық аудандарынан ғана емес, сонымен бірге тіпті бұрынғы көптеген басқа да ұлт аймақтарынан —Украинадан, Белорусиядан, Грузиядан және Армениядан бірнеше жүздеген жылдарға артта қалып қойған болатын.

Қазақстанның барлық дерлік халқы революцияға дейін ауыл шаруашылығымен, көбінесе көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданып келді. Малдың негізгі бөлегі бай-феодалдардың шағын тобының қолында болып, олар жедейлерді қатал қанады. Мал шаруашылығында өте артта қалған әдістер басым болып, малдың өнімділігі өте мардымсыз еді.

Қазақстанның жер қойнауында Менделеевтің таблицасындағы барлық элементтерді қамтыған табиғат байлықтарының аса мол кендері: мұнай мен көмір, темір мен мыс, түсті және сирек кездесетін металдар болды. Бірақ табиғаттың осы сарқылмас мол байлықтары Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін мүлде дерлік пайдаланылмап келді. Қазақстанның орасан зор территориясы көптеген ғасырлар бойы мүлде зерттелмеді.

Қазақ елжесінің аса бай табиғи және ауылшаруашылық ресурстарын экономикалық жағынан игеру дәуірі іс жүзінде Қазақстанды Россияға қосу процесі аяқталған кезде, өткен ғасырдың ашық-жетпіс жылдарында басталды. Қазақстанның Россияға қосылуы оның феодалдық

туысқан семьясына кірген революцияға дейінгі Россияның барлық езілген халықтары сыяқты, еңбекші қазақ бұқарасын да азаттыққа жеткізді.

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы ССРО-ға оның біртұтас құрамды бөлегі ретінде кіріп отырған 16 туысқан одақтас рес убликаның ортасынан тең орын алып отырған республика болып табылады.

Орыс халқы және еліміздің басқа да халықтары республиканың алғашқы құрылған күндерінен бастап Советтік Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолында қалтырмасыз туысқандық көмегін тынбастан көрсетіп келеді. Коммунистік партия мен Совет үкіметі бұрын артта қалған халықтардың өткен кездегі теңсіздігін тезден жоюға бағытталған орасан зор программаны жасап беріп, дәйектілікпен жүргізіп келеді. Осы халықтар бұл орасан зор программаны бұлжытпай жүзеге асыру нәтижесінде ғана капитализмге дейінгі қатынастардан капитализмге сөкпай социализмге тура өтуге мүмкіндік алды.

Елімізді социалистік жолмен индустрияландыру саясатын бұлжытпай жүзеге асыру арқасында Қазақстанда кысқа мерзімде ауыр өнеркәсіптің ірі салалары —металлургия, көмір, мұнай және химия өнеркәсібі құрылды. 1954 жылы республика өнеркәсібінің жалпы өнімі 1953 жылғымен салыстырғанда 12 процент, ал 1950 жылғыдан —60 процент артты.

Өткен 35 жылдың ішінде Советтік Қазақстанда өнеркәсіпті орналастыру ісінде өте зор өзгерістер болды. Алматы, Шымкент, Гурьев, Өскемен, Петропавл, Семей, Ақмола, Ақтөбе, Орал және Қостанай сыяқты ескі қалалар өркендеген ауыр және жеңіл өнеркәсібі бар ірі индустрия орталықтарына айналды. Бір кезде құлазып жатқан шөл далала ауыр өнеркәсіптің ірі ошақтары: Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Теміртау және басқалары орнады.

Түсті металлургия республика өнеркәсібінің жетекші салаларының бірі болды. Қазақстан түсті металдар өндіру жөнінде ССРО-да бірінші орын алып отыр.

Республиканың қара металлургиясы да оған әрі дамып келеді. Ақтөбе ферросплав заводы Қазақстан еңбекшілерінің мақтанышы болып табылады. Теміртаудағы ірі металлургия заводы ұлғайтылуы да, ол Қазақстанның бүкіл машина жасау өнеркәсібін металмен жабдықтауға, сонымен қатар металды басқа республикаларға да берін тұруға тиіс.

**Ж. ТӘШЕНОВ**  
**Қазақ ССР Жоғарғы Советі**  
**Президиумының Председателі**

☆

де Қазақстан бұрынғы көшпелі және шөлдалалы өлкеден алдыңғы қатарлы индустриялы-колхозды республикаға айналды.

Темір жол транспортының қарындан өркендеуі индустрияландыру ісін жеделдетуге едәуір дәрежеде көмектесті. Революцияға дейін Қазақстанның кең байтақ жерін жалғыз ғана темір жол линиясы басып өтуші еді. Совет өкметі жылдарында темір жолдың ұзындығы бес есе дерлік артты. Мыңдаған километрге созылған, бір кездегі шөл далалы өлкеңің ол шетінен бұл шетіне дейін болат табанды жолдар мен өзе жолдары, автомобиль магистральдары кесіп өтті.

Республикада техникамен жабдықталған, құрылыс материалдарын өндіретін қуатты заводтар салынды. Оңтүстік Қазақстан облысында цемент заводы пайдалануға берілді, Қарағанды мен Семей облыстарында ірі цемент заводтары салынып жатыр, мұның үстіне темір бетон конструкциялар мен бөлшектер жасайтын 29 завод, қамыстан бұйым жасайтын 50 завод салынуда.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің негізгі салалары мал шаруашылығы шикі заттарын қайта өңдейді. Бұлғары өнеркәсібінің ең ірі орталықтары —Семей, Петропавл, Орал, Алматы, Жамбыл, Қызылорда сонымен бірге ет өнеркәсібінің орталықтары болып табылады. Совет өкметі жылдарында Семейде ірі шұға комбинаты, Алматыда шұға фабрикасы, Аягөзде жүн фабрикасы, Шымкент пен Алматыда мақта - мата кәсіпорындары, Оңтүстік Қазақстанда мақта тазалайтын алты завод салынды.

Жергілікті шикізатпен жұмыс істейтін тамақ өнеркәсібі мейлінше өркендеді. Оның негізгі саласы ет өнеркәсібінің Семейде, Петропавлда, Оралда, Алматыда, Қарағандыда және басқа қалаларда өте ірі комбинаттары бар. Ет комбинаттары жаңа техникамен жабдықталып, ет өнімдерінің жүзден аса түрін шығаруда.

Жүздеген мың қазақтар заводтарға, фабрикаларға, шахталарға, транспорт кәсіпорындары мен жаңа құрылыстарға келіп, индустриялық еңбекке араласты.

уашылығын шұғыл өрге бастырудың орасан зор программасын жүзеге асыру ісінде маңызды міндеттер тұр.

Астық өндіруді арттырудың өте-өте тиімді көзі тың және тыңайған жерлер болып табылады. Міне, сондықтан да СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумы Қазақстан, Сибирь, Урал, Поволжье аудандарында 1954—1955 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен дәнді дақылдар өгісін ұлғайту міндетін алға қойды. 1954 жылы республиканың колхоздары мен совхоздары 8 миллион гектардан аса тың және тыңайған жер жыртып, танырманы 2 миллион гектардан астам артық орындалды.

Жаңа жерлерді оған әрі игерумен байланысты біз 1956 жылғы егін үшін үе іміздегі жылы тағы да 9 миллион гектар жер көтеруге тиіспіз. Сөйтін, екі жылдың ішінде республикада 17 миллион гектар жаңа жер игерілетін болады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру—Қазақстанның ауыл шаруашылығын, ең алдымен оның астық өндіру және мал шаруашылығы сыяқты жетекші салаларын өркендетудегі жаңа кезек.

Жаңа жерлерді игеру есебінен өгіс көлемін ұлғайту және дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру нәтижесінде Қазақстан 1954 жылдың өзінде астық өндіруді 35 процент арттырды. Колхоздар мен совхоздар мемлекетке 242 миллион пұт астық тасырды, яғни 1953 жылғыдан екі еседен аса артық астық берді.

Қазақстан еліміздің ірі астық базасына айналып келеді. 1956 жылы республиканың колхоздары мен совхоздары 23 миллион гектар дәнді дақылдар егуге тиіс. Қуатты астық шаруашылығы, мал шаруашылығын өрге бастырудың негізі болады.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы республикамыздың алдына мал шаруашылығы саласында елеулі міндеттер қойды. Қазақстанда таяудағы 5—6 жылдың ішінде ет, сүт және жүн өндіру 2—2,5 есе артуға тиіс.

Бұл міндетті орындау мал санын едәуір көбейтуді, оның өнімділігін шұғыл арттыруды талап етеді. Республиканың колхоздары мен совхоздарында сыйыр малының саны 1960 жылы орта есеппен 175—180 процент көбейуге тиіс.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жемшөп базасын мықтап ұлғайтады. Астық өндіруді арттыруда, жемшөптің тұрақты базасын жасауда жүгері егуді жеңінен енгізудің орасан зор маңызы бар. Үстіндегі жылы Қазақстанда 600 мың гектар жүгері егілі, алтағы уақыт-

шаруашылығының алуан түрлі салаларының мамандарын даярлайды.

Советтік Қазақстан —халқы жаппай сауатты республика.

Қазақстанда ғылым партия мен үкметтің ерекше қамқорлығына бөленген. 1946 жылы құрылған Қазақ ССР Ғылым академиясы өзінің көптеген ғылыми-зерттеу институттарымен бірге республиканың жаратылыстық-өндірістік күштерін зерттеуге, ұлттық мәдениет пен искусствоны дамытудың өте-өте маңызды проблемаларын зерттеуге ерекше көңіл бөле отырып, ғылымның 40-тан аса негізгі саласы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.


Қазақстанда В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының қазақ филиалы жұмыс істейді. Филиалдың әр тарапты ғылыми жұмысы мичуриндік агробиологиялық ғылымның жетістіктерін ауылшаруашылық өндірісіне кеңінен енгізуге көп жағдайда көмекші болды.

Совет өкметі қазақ халқының әдебиеті мен искусствосының дамуына қажетті барлық жағдайлар туғызды. Советтік Қазақстанда талантты прозашылар, ақындар, драматургтер өсті. Сталиндік сыйлық алған Мұхтар Әуезовтың «Абай» романын миллиондаған кітап оқушылар қазақ әдебиетінің ғана емес, сонымен қатар бүкіл совет әдебиетінің табысы деп бағалады. Сөбит Мұқановтың, Рабит Мүсреновтың, Рабиден Мұстафиннің және басқа көптеген ақын-жазушыларымыздың шығармалары сүйсініп оқылады.

Қазақ әдебиеті орыс және дүниежүзілік әдебиет классиктері, туысқан республикалар жазушылары шығармаларының аудармаларымен байыды. Кәзіргі кезде қазақтар Марке пен Энгельстің, Ленин мен Сталиннің ұлы еңбектерін өзінің ана тілінде оқыйды. Республикада ондаған журнал, 275-тен аса газет шығып тұрады. Баспалар түрлі жүздеген кітаптарды көптеген тиражбен басып шығарады.

Қазақ халқының искусствосы біршама жас искусство. Республиканың көптеген қалаларында болып отырған театрлар, музейлер, сурет және музыка училищелері, филармониялар тек Совет өкметі тұсында құрылған. Кәзіргі уақытта 30 музыка-театр оқу орындары көркемөнер интеллигенциясының кадрларын даярлайды.

Абай атындағы қазақ мемлекеттік опе-



Қарағанды. Көмір разрездерінің кеншілер коллективтері партияның XX ыезін лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістегу де.

СУРЕТТЕ: сменалық тапсырмаларды сүн сайын артығымен орындап жүрген лаңдауды экскаватор экипажы (солдан оңға қарай) машинист **И. Островский** және оның сменашылары **А. Контемир** мен **С. Игнотенко**.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## Булаев ауданында ҚОСЫМША АҚЫ БЕРІЛДІ

Калинин атындағы МТС-тің қамтуындағы «Красное знамя» ауылшаруашылық артелінің қой өсірушілері әрбір қойдан 3 килограмм 650 грамм жүн қырқып, мемлекетке жүн тапсыру жоспарын асыра орындады. Жуырда қоғамдық қой шаруашылығын өркендетудегі қажырлы еңбектері үшін колхоз шопандарына қосымша ақыға 17 қой және 100 килограмм жүн берілді.

Калинин атындағы колхоздың қой өсірушілері де қосымша ақыға 27 қой алды.

## ЖАҢА ҮЙЛЕР

Жуырда Возвышен және Совет астық совхоздары мемлекеттен 30 тұрғын үй алды. Бұл үйлерде совхоздың егіншілері мен механизаторлары тұратын болады.

Кәзір жаңа үйлерді пайдалануға беру жұмысы қызу жүргізілуде.

## МОСКВАҒА САЯХАТ

Булаев орта мектебінің 15 оқушысы



жеде көмектесіп, товар- ақша қатынастарын дамыту процесін тездетті, мұның өзі натуралдық шаруашылықтың іріп-шіруіне көмектесті.

Революцияға дейінгі Қазақстанның бұкіл дерлік кен- завод өнеркәсібі шетелдік капиталистердің қолында болды. Октябрь революциясының қарсаңында оның территориясында оннан аса шетелдік және аралас акционерлік қоғамдар болды да, олар аса зор кен байлықтарын жыртқыштықпен пайдаланды.

Өнеркәсіп ошақтарының жарыққа шығуымен қатар қазақтың өнеркәсіп пролетариаты да құрылды, бірақ ол өлі өте аз еді. 1913 жылы Қазақстанның ірі өнеркәсібінде небары 20 мыңға жуық адам жұмыс істеді.

Мәдениет дәрежесі өте төмен болды. Патша, байлар мен молдалар қазақ халқына қараңғылықта және нағандықта ұстауға тырысып бақты. Халықтың 98 проценті мүлде сауатсыз болды. Ал екі процент сауатты халықтың өзі де көбінесе дәулетті таштың балалары болды. Еңбекші қазақ халқы ол кезде орта және жоғары білім былай тұрсын, тіпті жалпыға бірдей бастауыш оқуды да арман ете алмайтын еді.

Революцияға дейінгі Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени жағынан осындай өте артта қалғанына қарамастан, орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық ой- пікірлері, ғылымы мен мәдениеті, олардың таңдаулы өкілдері ұлы орыс халқының прогресшіл мәдениетіне қазақ халқының бірте- бірте араласуының тарихи процесіне баға жетпес жемісті ықпал жасады.

Тамаша ғалым Шоқан Уәлиханов, ақын және ағартушы Ыбрай Алтынсарин, революцияға дейінгі қазақ мәдениетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаев сияқты қазақ халқының осы аса көрнекті ұлдары патшалық Россияның артта қалған шет аймақтарының барлық халықтары үшін орыс мәдениетінің озат және прогресшіл маңызын терең түсінудің арқасында ғана өз халқын ұлы орыс халқымен жақындастыру және оның тарихи тағдырын біртұтас ұштастыру жолындағы белсенді күрескерлердің дәрежесіне көтеріле алды.

## II.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы қазақ халқын ұлттық жағынан қайта тудыруға, оның мемлекеттік құрылысын, экономикасы мен мәдениетін көркейтуге жол ашып, Совет Одағы халықтарының

өнеркәсібінің өнімі екі есе артты. Алматы ауыр машина жасау заводы, Қарағандының кен- шахта жабдықтарын жасау заводы, Шымкент прес- автомат заводы, «Казахсельмаш» заводы, Орал арматура заводы, Гурьевтің Петровский атындағы заводы Қазақстаннан тыс жерлерге де кеңінен мәлім болып отыр.

Көмірлі Қарағанды Советтік Қазақстанның негізгі энергетикалық базасына айналды, Қарағандының шахталары көзірті заманғы кен техникасымен: көмір комбайндармен, қуатты бұрғылау машиналармен, ауыр электровоздармен жабдықталған. Лавада көмір шабу, құлату және тасымалдау, көмірді жер астынан шығарып, темір жол вагондарына тиесу жұмыстары толығымен механикаландырылған.

Соғыстан кейінгі дәуірде жаңадан салынған Ақмола-Павлодар темір жолының бойына орналасқан Екібастұз көмір бассейні жұмыс істей бастады.

Қазақстан мұнай шығару жөнінде одақтас республикалардың арасында үшінші орын алады. Төртінші бесжылдықта мұнай шығару 34,8 процент артты.

Революцияға дейінгі дәуірмен салыстырғанда электр қуатын өндіру жүздеген есе артты. 1950 жылы электр қуатын өндіру соғысқа дейінгі дәрежеден төрт еседен аса өсті. Өскемен су электр станциясының бір өзі ғана электр қуатын Россияның барлық электр станцияларының 1913 жылы өндірген қуатынан едәуір артық өндіріп отыр. Ірі Бұқтарма су электр станциясы салынып жатыр. Республикада электр қуатын өндіру дәрежесі 1940 жылғыдан 6,5 есе асып түсті.

Қазақстанның химия өнеркәсібінің басты саласы — фосфорлы тыңайтқыш өндіру. Жамбыл суперфосфат заводы, Қаратау комбинаты, Ақтөбе фосфорит фабрикасы осы саладағы аса ірі кәсіпорындар болып табылады.

Соғысқа дейінгі бесжылдықтар тұсында құрылған республиканың өнеркәсібі Ұлы Отан соғысында елімізді қорғап, жауды жеңуде баға жетпес роль атқарды.

Қазақстанның шаруашылық және мәдениет жағынан бір кезде артта қалушылығын дәйекті және жоспарлы түрде жою отырып, Коммунистік партия мен Совет үкметі республиканың еңбекшілерін социалистік құрылыстың тарихи міндеттерін шешуге жұмылдырды. Қысқа уақыттың ішінде республиканың экономикалық бейнесі түбірінен өзгерді. 35 жылдың ішін-

де қосылды. Қазақстан еңбекшілерінің алдыңғы қатарлы отряды — жұмысшы табы мен оның техникалық интеллигенциясының армиясын құру Ұлы Октябрь социалистік революциясының тамаша жеңісі, лениндік-сталиндік ұлт саясатының тарихи жеңісі болып табылады.

## III.

Октябрь революциясының жеңісі нәтижесінде Қазақстанда ірі феодалдар мен бай- кулақтардың жер иеленуі толығымен жойылды, шаруалар 80 миллион гектардан аса жерді тегін алды.

Ауыл шаруашылығын коллективтендіру республиканың еңбекші шаруалары алдында шаруашылық пен мәдениетті дамытудың бұған дейін болып көрмеген мүмкіндіктерін ашып берді. Көзір Қазақстанда үш мыңнан аса іріленген қуатты колхоз бар, оларды 500-ге жуық машина-трактор және машина-мелиорация станциялары қамтыды. Өздерінің қарамағында ондаған мың тракторлары, комбайндары және басқа машиналары бар 590 совхоз жұмыс істеуде.

Колхоз құрылысы қазақ ауылының бейнесін танымастай өзгертіп, колхозшы шаруалардың тұрмысына зор жаңалықтар енгізді, ол колхозшы шаруалардың творчестволық мүмкіндіктерін барынша өрістетуге көмектесті. Тары өсіру ісінің аса үздік озаты Шығанақ Берсиевтің, қызылша өсіруші Ольга Гонажонконың, күрші өсіруші Ыбрай Жақаевтың және басқа көптеген озаттардың есімдері Қазақстанда ғана емес, тіпті одан алыс жерлерге де мәлім болды.

Қазақстан ССРО-ның шығысындағы негізгі малшаруашылық базасы болып табылады. Біздің республика елімізде қойдың саны жөнінде екінші орын, ал сыйыр малы мен жылқы жөнінде үшінші орын алып отыр. Біздің ғалымдарымыз озат малшылармен ынтымақтаса отырып, малдың тамаша жаңа тұқымдарын өсірді.

Ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын барынша арттыру, малдың өнімділігін молайту жолындағы қажырлы күресте озат колхозшылардың, совхоз бен МТС жұмысшыларының, ауыл шаруашылығы мамандарының саны жедел өсіп келеді. Егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетуге қол жеткен табыстары үшін республика ауыл шаруашылығының 850 озаты Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ алды, 12 мыңнан аса адам Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды. 1954 жылдың өзінде ғана 5 мың адам Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу правосына ие болды.

Республикамыздың алдында ауыл шар

уашылығы бұл дақылдың ең көлемі екі есе ұлғайтылады.

Мал шаруашылығын жедел жүргізуді арттыру Қазақстанның ауыл шаруашылығының аса маңызды бұл саласының өнімділігі мен табыстылығының едәуір артуына жеткізеді.

Соңғы екі жылдың ішінде республикада жаңадан 337 астық совхозы құрылды, жаңадан 26 МТС ұйымдастырылды. Қазақстанда көтерілуде тиісті 9 миллион гектар тың және тыңайған жердің 5,5 миллион гектарын совхоздар игеретін болады.

Біздің республикамызда өткен жылдың көктемінде ұйымдастырылған ірі астық совхоздарының тәжірибесі мұндай шаруашылықтарды ұйымдастыру тың және тыңайған жерлерді кеңінен игерудің және астық өндіруді арттырудың неғұрлым тиімді формасы болып табылатынын көрсетіп отыр.

Жаңа совхоздар мен МТС-тердің ұсадыбалары дегеніміз электр жарығы, клубтары, кітапханалары, парктері, стадиондары, емдеу мекемелері мен мектептері бар көрікті поселкелер; бұлар алыс далалықтағы жаңа мәдениет орталықтары болып отыр.

Темір жолдар мен тас жолдар салу жаңа жерлер игеріліп жатқан аудандардың мәдениеті мен шаруашылығының дамуы үшін ерекше зор маңыз алады. Жалпы алғанда ұзындығы 2 мың километрден асатын тартабанды және кеңтабанды темір жолдар салынады, бұлардың көпшілік бөлегі Қазақстанның территориясы арқылы өтеді.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі жұмыстардың комплексті программасын орындау республиканың ауыл шаруашылығына ғана емес, сонымен қатар бүкіл экономикасын өркендетуде ерекше роль атқарады.

## IV.

Біздің партиямыздың көмеңгер ұлттық саясатының нәтижесінде өткен 35 жылдың ішінде Қазақстанда шын мәніндегі мәдени революция жасалды. Социалистік экономиканың жалпы өрге басуы негізінде республикада түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет көркейіп түсті. Көзір Қазақстанда 9.100 мектеп бар, бұларда 1.102,2 мың бала оқиды және 70 мыңнан аса мұғалім жұмыс істейді. 26 жоғары оқу орнында 43 мыңнан аса жігіт пен қыз оқып жүр.

Республиканың жоғары және орта дәрежелі арнаулы оқу орындары халық

лективі болып табылады. Мұнда қазақтың тұңғыш ұлттық опералары «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Жалбыр» опералары қойылды, олар халық музыкасы негізінде жазылған. Кейінірек театрдың репертуары «Біржан мен Сара», «Абай» сияқты опералармен байып түсті.

Театр шеберлігіне совет сахнасының таңдаулы шеберлерінен үйрене отырып, қазақ артистері орындау мәдениетін үздіксіз жетілдіруде, өздерінің творчестволық өрісін кеңейтуде.

Революциядан бұрынғы Қазақстанда шебары 146 көпшілік кітапханасы болатын. Көзір олардың саны 40 еседен астам, ал бұлардағы кітап қоры 120 есе көбейді. Республикада 5.812 клуб, 21 музей, 2 мыңнан аса киноқондырғы жұмыс істейді. Алматының киностудиясы кеңінен белгілі болып отырған көркемсуретті және документті фильмдер шығарады.

\*\*\*

Партияның XIX съезінің тарихи қарарларымен жігерленген совет халқы бесінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай жүзеге асыруда.

Советтік Қазақстанның халық шаруашылығының барлық салалары, әсіресе оның ауыр индустриясы қызу қарқынмен өркендеп келеді.

Өнеркәсіп пен транспортты онан әрі өркендету, ауыл шаруашылығын механикаландыру тың және тыңайған жерлерді игерумен байланысты халық шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржы көлемінің едәуір арттырылуына жеткізді. 1955 жылы Қазақ ССР-нің мемлекеттік бюджеті 10.119 миллион сом болды. Сөйтін 1954 жылғы бюджеттен 90 процент артты.

Қазақ халқы, Қазақстанның бүкіл еңбекшілері, осы 35 жыл ішіндегі өткен жолын оймен шолып, өздерінің социалистік құрылыстың барлық саласында жеткен орасан зор табыстары Коммунистік партия мен Совет үкметінің дана басшылығының нәтижесі, ұлы орыс халқының және еліміздің туысқан барлық халықтарының үздіксіз көмегінің нәтижесі екенін әбден біледі.

Коммунистік партия мен Совет үкметінің басшылығымен Қазақстан еңбекшілерінің республика экономикасы мен мәдениетін онан әрі мықтап өрге бастыруды қамтамасыз ететіндігіне, сөйтіп совет халқының коммунизм жолындағы күресінің ортақ ісіне лайықты үлес қосатынына күмән жоқ.

кетті. Олардың барлығы — оқу озаттары. Саяхатшы-оқушылар Москваның тарихи орындарында, М. В. Ломоносов атындағы университетте және Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болады.

## ПАРТИЯНЫҢ ШАҚЫРУЫМЕН КЕЛГЕН

### КОЛХОЗ БАСШЫЛАРЫ

Жуырда ауданның төрт колхозында колхозшылардың жалпы жыйналысы болып, онда артель мүшелері партияның шақыруы бойынша ауыл шаруашылығында қолма-қол жұмыс істеуге ерж білдірген адамдарды колхоз председателдігіне сайлады. Олардың ішінде Қонохов аудандық партия комитетінің секретары Қаскеев жолдас Ленин атындағы колхоздың, Булаев аудандық Совет атқамой председателінің орынбасары Гаев жолдас Карл Маркс атындағы колхоздың, Булаев аудандық партия комитетінің секретары Марук жолдас «Вторая пятилетка» колхозының председателдері болып сайланды.

### МЕКТЕПКЕ КӨМЕК

«Победа» ауылшаруашылық артельінің мүшелері колхоз орталығындағы жеті-жылдық мектеп үшін жөндеу жұмыстарына зор көмек көрсетті. Олар сонымен қатар мектеп үшін қысқы отын дайындап берді.

Осы колхоздың № 2 бригадасындағы бастауыш мектеп үйі де күрделі жөндеуден өткізілді. Колхоз басқармасы жөндеу жұмыстары үшін 7500 сом ақша бөлді.

Б. ЖАҚЫПОВ.

## Үгітші Думанская

Баганович атындағы ауылшаруашылық артельі (Совет ауданы) оқу үйінің менгерушісі комсомолка Вера Думанская жолдас бұл күндері Иван Коротков жолдас-тың агрегатында жұмыс істейтін механизаторлар арасында үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде. Мәселен, ол жуырда механизаторларға Херсон облысының озат комбайншысы Марк Браганың іс әдісі туралы өңгімелеп берді.

Үгітші Думанская жолдас сонымен қатар механизаторлар арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетуге үшін үгітін басқа да түрлерін пайдаланады. Бұл жұмыста ол жауынгерлік листовтар мен қабырға газетін шығару, көрсеткіш тақталарын толтыру сияқты әдістерді кеңінен қолданады.

В. ЛИЗУН.



# Барлық күш СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысын жүзеге асыру күресіне жұмылдырылсын

Жақында СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының қорытындыларына арналған қалалық партия активінің жыйналымы болып өтті. Жыйналыста «СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының «Өнеркәсіпті оған әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту міндеттері туралы» қаулысын және Қазақстан КП Орталық Комитетінің V Пленумының қаулысын орындау жөніндегі қала партия ұйымының міндеттері туралы» қалалық партия комитетінің секретары И. П. Полипов жолдас баяндама жасады.

Жыйналысқа қатысушылар Петропавл қаласы еңбекшілерінің бүкіл совет халқы сияқты партиямыздың Орталық Комитеті июль Пленумының қарарларын жауапкерлік іс программасы ретінде қарсы алғанын атап көрсетті. Бұл күндері өнеркәсіп орындары мен транспортта және құрылыс ұйымдарында партияның XX съезі күрметіндегі социалистік жарыс кеңінен өріс алды.

— Партияның Орталық Комитетінің тарихи қарарларын орындай отырып, — деп мәлімдеді баяндамашы, — қаланың өнеркәсіп орындары өндірістік жоспарларды орындауда, еңбек өнімділігін арттыруда, шығаратын өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуде бірқатар табыстарға ие болды. Үстіміздегі жылдың өткен 7 айында қала кәсіпорындары мемлекеттік жоспарды 107,5 процент, соның ішінде одақтық кәсіпорындары — 106,6 процент республикалық кәсіпорындары 112 процент, кәсіпшілік артельдері — 106,6 процент орындады. Осы сияқты темір жол торабының кәсіпорындары да өздерінің жұмысын анағұрлым жақсартты.

Сонымен қатар баяндамашы жыйналысқа қатысушылардың назарын қаланың өнеркәсібі мен транспортына және құрылыс ұйымдарына басшылық етудегі елеулі кемшіліктерге аударды. Бірқатар кәсіпорындарында ғылым мен практиканың табыстары өндіріске әлі де болса жеткіліксіз енгізіледі, өндірістің бай резервтері нашар пайдаланылады, еңбек тәртібінің бұрмалануына және еңбекшілердің төлеу тәртібінің бұрмалануына жол беріледі. Осының садрарынан кейбір кәсіпорындары мемлекеттік жоспарларды орындай алмай, жұмыста ақау жіберіп отыр. Мәселен, шағын двитательлер заводы жартыжылдық жоспарды небары 95,2 процент қана орындады. Мұның себебі мынада: кәсіпорында өндірісті ұйымдастыру дәрежесі төмен, кадрлардың тұрақты жұмыс істеуі қамтамасыз етілмеді. Мұнда тек қана үстіміздегі жылдың 6 айында 121 адам жұмысқа жаңадан қабылданса, 92 жұмысшы жұмыстан шығарылды.

## Қалалық партия активінің жыйналысынан

Ет-консерв комбинаты қызметкерлері атынан жарыссөзде партия бюросының секретары Демьянова жолдас сөз сөйледі.

— Комбинат коллективі, — деді ол, — үстіміздегі жылы негізгі өнімдер бойынша жылдық жоспарды 5 декабрге дейін орындауға міндеттеніп отыр. Біз сөзімізге берік боламыз. Бірінші жартыжылдықта қол жеткен табыстарымыз мұның айқын айғағы болып табылады. Бірінші және екінші тоқсандары өндірістік көрсеткіштері үшін комбинат қызметкерлеріне қалалық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары қалалық Советінің ауыспалы Қызы туы ташырылды.

Быйлы комбинат коллективі технологиялық әдістер мен процестерді өндіріске енгізу ісіне ерекше назар аударып отыр. Біздің жұмысшыларымыз, инженерлер мен техниктеріміз 27 ұйымдастыру-техникалық шараларын белгіледі. Бұл шаралардың бірқатары, соның ішінде банктерді жуу ашараты, консерв өндірудің жаңа әдістері өндіріске енгізілді. Вагонға жүк тиеу жұмыстары механикаландырылды.

Еңбек өнімділігін арттыруда социалистік жарыстың зор маңызы бар. Комбинатта оның жаңа түрлері қолданылып отыр. Ондаған бригада «Мінсіз сапалы өнім шығаратын бригада» атағын алу жолындағы социалистік жарысқа ұштасты. 36 бригада кезірің өзінде мұндай атаққа ие болды. Таңдаулы маман атағын алу жолындағы социалистік жарыс кеңінен өріс алды. Мұндай атақ 35 адамға берілді.

Дегенмен комбинатта жұмыстың осал буындары бар. Ет тағамдарын тоңазытатын үйдің көлемі аз. Алайда оған қажетті мөлшерде өнім сыймайды. Мұндағы басты себеп сол — комбинаттың шығарған өнімдері кезінде жөнелтілмей отыр. Темір жол торабының басшылары вагондарды кезінде бермейді. Қаланың сауда ұйымдары да өздеріне тиісті ет тағамдарын уақытында алмайды. Мұның өзі тоназдықшы қоймасында өнімнің көп сақталуына, сөйтіп қала еңбекшілерінің ет өнімдерін керегінше кезінде ала алмауына әкеліп соғып отыр.

«Петропавловскстрой» тресінің директоры Зисович жолдас қала және село пәтер үй құрылыстарының барысына тоқталды. Трест июль және июль айларының өндірістік жоспарларын артығымен орындады. Кәзір ол 6 жаңа совхоз бен 4 МТС-те құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Октябрь мерекесіне дейін құрылысшылар жаңа жерге қоныстанушылар үшін 25 мың шаршыметр пәтер үйлерді пайдалануға береді. Зисович жолдас қаладағы өндірістің дамуына жол ашады.

дың өзіндік құнын анағұрлым кемітеді. Бірақ, амал не, бұл жұмыс бізде жүзеге асырылмай келеді.

— Быйлы педагогикалық институттың ашылуы, — деді институттың директоры Мамырбаев жолдас, — Петропавл қаласы мен облыс еңбекшілері үшін зор оқығға болып табылады. Жұртқа мәлім, ол мұғалімдер институтының базасында жұмыс істейді. Оны оған әрі кеңейту мәселесі ең алдымен оқу үйінің болуына байланысты. Сондықтан біз институт үшін жаңа үй салу жөнінде бірнеше рет мәселе қойдық. Мамырбаев жолдас жұмыстағы баяулықтары үшін құрылыс ұйымдарының басшыларын сынады. Институттың жаңа үйін салу үшін бөлінген 560 мың қаржының өткен жылы небары 42 мың сомы ғана пайдаланылды. Ал үстіміздегі жылдың сегіз айында бұл мақсатқа жұмсалатын қаржыны пайдалану көрсеткіші 27 проценттен аспайды. Жоспар бойынша институт келесі жылы жаңа оқу үйінде жұмыс істеуге тиіс. Алайда оқу үйінің құрылысы төгісіз баяу жүргізілуде. Қалалық партия комитеті құрылыс жұмысының баяу қарқынының себебін тексеріп, жаңа оқу үйінің келесі жылы жұмыс істеуіне жеткізуге міндетті.

«Комсомолка» тігін фабрикасы партия ұйымының секретары Пошкова жолдас фабрика коллективінің өндірістік жоспарды орындау және еңбек өнімділігін арттыру жолындағы қажырлы еңбектері туралы хабарлады. Ол фабрикадағы социалистік жарыстың түрлері мен әдістері туралы, кәсіподақ ұйымының өндірістің ролін арттырудың қажеттігі туралы айтты. Мұнан кейін Пошкова жолдас қалалық партия комитетінің басшылығы мен көмегіне тоқталды.

— Біз партияның қалалық комитеті мен облыстық комитетінде жиі боламыз, — деді ол. — Бірақ олардан бізде болушылар өте сирек. Партияның соңғы нұсқауы, жақында «Правда» жарияланған «Партия комитетінің өнеркәсіп бөлімі» деген басмақала өнеркәсіпке басшылық етуге қалалық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттерінің ролін күшейтуді талап етеді. Біздің қалалық партия комитеті өзінің жұмысын жаңа міндеттер дәрежесіне сай, қайта құра алмай отыр. Қалалық комитет қызметкерлері бізге нақтылы көмек көрсетпейді. Нұсқаушылар оқта-текте кәсіпорындарында бола қала, әр түрлі мәліметтер жыйнап, ішінде қайыра қайтуға асығады. Кәсіпорына бұлай үстірт басшылық жасау іске әшқандай пайда келтірмейді.

Құрылыс-монтаж мекемесінің бастығы Савран жолдас өзінің сөзін қаладағы пәтер үй құрылысының мәселелеріне арнады. Қаладағы пәтер үй құрылысының мәселелеріне арнады.

## СЫЙЫРДЫҢ СҮТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС

# Сүт саууда озат сауыншылар қатарына қосылатын болайық

ОБЛЫС АУДАНАРЫ БОЙЫНША

КОЛХОЗДАРДА 1955 ЖЫЛДЫҢ 1 АВГУСЫНА ДЕЙІН ӘРБІР СЫЙЫРДАН САУЫЛҒАН СҮТ

Аудандар	1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 августына дейін әрбір сыйырдан сауылған сүт (литр есебімен)	Аудандар	1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 августына дейін әрбір сыйырдан сауылған сүт (литр есебімен)	Аудандар	1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 августына дейін әрбір сыйырдан сауылған сүт (литр есебімен)
Булаев	1032	Совет	938	Октябрь	834
Бонохов	1013	Преснов	935	Мамлют	811
Петропавл	979	Соколов	915	Приешім	723
Полудия	940	Ленин	869		

\*\*\*

МТС-тер БОЙЫНША КОЛХОЗДАРДА 1955 ЖЫЛДЫҢ 1 АВГУСЫНА ДЕЙІН ӘРБІР СЫЙЫРДАН САУЫЛҒАН СҮТ

МТС-тер	1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 августына дейін әр есептен сыйырдан сауылған сүт (литр есебімен)	МТС-тер	1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 августына дейін әр есептен сыйырдан сауылған сүт (литр есебімен)	МТС-тер	1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 августына дейін әр есептен сыйырдан сауылған сүт (литр есебімен)
Шағлы	1102	Образцовая	905	Ильич	815
Суворов	1093	Чистая	900	Торанғұл	815
Калинин	1045	Куйбышев	898	Семиполка	810
Преснов	1037	Совет	888	Сартомар	809
Баян	1037	Соколов	884	Вильямс	799
Булаев	1028	Пушкин	868	Тимирязев	781
Налобин	974	Ново-Георгиев	865	Майбалық	772
Интернационал	960	Николаев	855	Приешім	743
Асанов	943	Коновалов	854	Чапаев	681
Полудин	940	Ворошилов	848	Ленин	656
Петропавл	933				

\*\*\*

СЫЙЫРДАН СҮТТІ МОЛ АЛУДАҒЫ АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ КОЛХОЗДАР

Колхоздар	Аудандар	1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 августына дейін әр сыйырдан сауылған сүт (литр есебімен)	Колхоздар	Аудандар	1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 августына дейін әр сыйырдан сауылған сүт (литр есебімен)
Каганович атындағы «Щит»	Совет Октябрь	1468 1421	Сталин атындағы «Красный пахарь»	Совет Петропавл	1376 1249
«Путь к социализму»	Ленин	1400	Киров атындағы «Коминтерн»	Петропавл Булаев	1230 1206
«Красный партизан»	Преснов	1390	«Путь Ильича»	Полудин	1203
Ворошилов атындағы	Петропавл	1380			

\*\*\*

СҮТ САУДА ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ИЕ БОЛҒАН ОЗАТ САУЫНШЫЛАР

Сауыншылардың фамилиясы, аты және өкесінің аты	Колхозы	Аудандар	1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 августына дейін әр сыйырдан сауылған сүт	Сауыншылардың фамилиясы, аты және өкесінің аты	Колхозы	Ауданы	1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 августына дейін әр сыйырдан сауылған сүт
Савина В. С.	«Путь к социализму»	Ленин	1962	Хохлова М. Я.	«Новый путь»	Бонохов	1409



сыз жүргізілуінің салдарынан бірқатар құрал-жабдықтар ұзақ уақыт бос тұрады. Жаңа техниканы өндіріске енгізуде Петропавл депосында да елеулі көмшіліктер орын алды. Жақында желпен тепловоздардың қуаты толық пайдаланылмайды.

—Бізде, —деді Полинов жолдас, —жартыжылдық жоспарды өнімнің түр-түрі бойынша орындай алмаған республикалық кәсіпорындар да аз емес. Шойын құю-таразы заводы облыс еңбекшілеріне 32 тонна шойын құймаларын, 500-дей кровагты, 74 тонна шойыннан жасалатын ыдыстарды бере алмады. Нан комбинатын да өндірістік алаңдар жеткіліксіз пайдаланылады, бірқатар механизмдер бос тұрады. Осының салдарынан қала еңбекшілерінің нан тағамдарына деген өскелең тілегі толық қанағаттандырылмай келеді.

Баяндаманы жергілікті және кәсіпшілік артельдері мен құрылыс ұйымдарының жұмысындағы ойсыраған олқылықтың ерекше назар аударды. Жергілікті артельдері мен мебель жасайтын комбинаттың бұрынғы басшылары өндірістік көрсеткіштерді жасырып, көзбояушылыққа салынды. Олар жұмыста ақау жіберу, еңбек тәртібін бұрмалау фактілерімен келісіп келді. Қалалық өндіріс комбинатының директоры Пичулин жолдас негізгі өндірістік цехтардың құрылысына назар аудармады. Мұнда қай цехта болсын жұмысшылардың ойдарыдай қызмет етуі үшін және техника қауіпсіздігі үшін ешқандай жағдай жасалмаған. Қаланың құрылыс ұйымдарының жұмысы СОБП Орталық Комитетінің июль Пленумы қойған талаптардан кейін қалып отыр. Мұның өзін мына бір фактіден айқын көруге болады: үстіміздегі жылдың өткен 7 айында қаланың бірде-бір құрылыс орындары өндірістік жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша орындай алмады.

Баяндамада өнеркәсіп орындарындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайына талдау жасалды. Қала партия ұйымдары жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер арасында бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыруда бай тәжіриберлерге ие болды. Солай бола тұрса да, бірқатар жерлерде бұл жұмысты жүргізуде бірсарындылық пен формальдылықтың орын теуіп отырғанын жасыруға болмайды. Шойын құю-таразы заводының, бірқатар кәсіпшілік артельдері мен құрылыс орындарының партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмысты коллективтің алаңында тұрған өндірістік міндеттермен ұштастырмай, жалаң жүргізеді.

Полинов жолдас баяндамасының соңында өнеркәсіп, транспорт және құрылыс орындары партия ұйымдарының алаңында тұрған кезек күттірмейтін міндеттерге тоқталды. Мұнан кейін баяндама бойынша қызу жарыссөз басталды.

жөнінде бірқатар бағалы ұсыныстар енгізді.

—Біздің қаламыздың болашағы зор, —деді ол, —жұмысты бір кәсіпорны құрылыс материалдарын дайындайтын етіп, екінші біреулері үй іргелерін қалайтындай етіп ұйымдастыруымыз керек. Осылай болған күнде құрылыс жұмыстары тез әрі сапалы жүргізе аламыз. Жергілікті құрылыс материалдарын пайдалануға ерекше назар аудару керек. Біздің бетон заводы шығаратын бетон плиталары пәтер үй құрылысына бағалы материал болып табылмайды. Сондықтан бұл құрылысқа басқа материалдар табу үшін қамқорлық жасау керек. Өндіріске кереметті бағыл енгізген жөн. Біздің облыста кереметті жасау үшін қажетті балшық жеткілікті. Әк өндіру ісімен Октябрь ауданында бір-екі артель ғана шұғылданып отыр. Облыстың оған деген қажеті зор. Сондықтан өк өндіретін ірі кәсіпорнын ұйымдастырған дұрыс. Осы мәселелердің бірінмен жергілікті ұйымдар нақтылы шұғылданып отыруға міндетті. Ал олардың жұмысына партия және совет органдары бағыт беріп отырулары керек.

Қала басшыларының, деді Зисович жолдас, құрылыс жұмыстарын қалай жүргізу жөнінде белгілі бір есептері мен болжаулары жоқ. Біз канализация үшін бір ай ор қаздық. Көзір оған қажетті трубалар жоқ. Мұнан кейін су түтігінің құрылысына кірістік. Жұмыс қызу жүріп жатқан кезде қалалық Совет атқомі бұл құрылыс үшін қаржы жоқ деп хабарлады. Тресте құрылыс жұмыстарын тез әрі жақсы жүргізу үшін қажетті жағдайлардың бәрі де бар, жақсы механизмдер мен кадрлар жеткілікті. Бірақ бұл мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай отыр. Біз қалада жақсы үйлер құрылысын бастауды ойлап, екі мұнаралы қран ескелдік. Бірақ не пайда, бұл құралдары пайдалана алмай отырмыз.

Чекирда жолдас Петропавл қаласында арнаулы құрылыс базасын ұйымдастыру жөнінде мәселе көтерді. Мұнда ең алдымен өндірістік және тұрғын үйлердің қабарғаларын қалайтын материалдар өндіру мәселесін шешу қажет. Пәтер үй құрылысында тек қана бір бетон жасайтын заводқа немесе шеттен өкелетін материалға иек сүйеуге болмайды. Бұл мәселеде, деді Чекирда жолдас, дұрыс басшылық пен ұйымдастыру жұмыстары қажет. Бізде әрбір құрылыс ұйымының өзіне қажетті тас пен құмды қалай болса солай өндіру, тіпті жабайы әдіспен өндіру әдетке айналған. Егер біз тас пен құмды өндіретін жақсы механикаландырылған кәсіпорнын ұйымдастырсақ анағұрлым пайдалы болар еді. Құрылыс материалдарын су жолы арқылы тасымалдау темір жолдың жұмысын жеңілдетіп, тасымал-

ғы елеулі көмшіліктердің бірі дұрыс жоспарлау ісінің болмауынан деуіміз керек. Қалада құрылыс және құрылыс материалдарын дайындау жұмыстарын бір арнаға келтіріп, оған бағыт беретін ұйым жоқ. Жергілікті құрылыс материалдарын дайындау жөнінде мәселе шешпейінше құрылыс жұмыстарында айтарлықтай табысқа жету қиындыққа түседі.

Соңғы кезде құрылыс жұмыстарының кең көлемде жүргізілуіне байланысты кадрларға деген көрекіну артты. Біздің қаламызда құрылыс кадрларын даярлайтын техникум немесе көзір жұмыс істеп отырған оқу орындарының бірінде арнаулы факультет ұйымдастыратын уақыт жетті.

Облыстық партия комитетінің өнеркәсіп және транспорт бөлімінің меңгерушісі Камынин жолдас қала партия ұйымының СОБП Орталық Комитеті июль Пленумы қойған міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі міндеттеріне тоқталды. Қаланың кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдары әлі де болса мүмкіндіктер мен резервтерді толық пайдаланбайды. Мәселен, шойын құю-таразы заводында жаңа құрылыс үшін бөлінген 2 миллион сом қаржы бар. Алайда облыс үшін көп материалдар бере алатын жаңа құю цехы күні бүгінге дейін пайдалануға берілмей келеді. Соңғы жылдары қалада пәтер үй құрылыстарына 20 миллион сомдай қаржы пайдаланылмады.

Қала кәсіпорындарына селого қамқорлық көрсету жөнінде зор міндеттер жүктеледі. Бірқатар кәсіпорындары астық тазартатын машиналар өзінде жөнінде сақас алды. Бірақ бұл зақаздар өте баяу орындалып отыр. Көзір колхоздар мен совхоздардың комбайндарына деген қажеті зор. Облысқа бұл машиналар көптеп келуде. Бірақ ондаған комбайндар эшелондардан кезінде түсірілмей, темір жол станцияларында босқа тұр. Бұл жағдайға тіпті де төзуге болмайды.

Жарыссөзде Максимов, Шильников, Ротиков, Рыбас, Цимбал және Чернышев жолдастар да сөз сөйледі.

Қалалық партия активінің жыйналысы ССРО Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысын бірауыздан қуаттап, өнеркәсіп орындары мен құрылыс ұйымдарының резервтерін және мүмкіндіктерін сақна пайдалану жолындағы жүректі күшейту жөнінде шаралар белгілеп, қарар қабылдады.

СОБП Орталық Комитетінің июль Пленумының Совет — Югославия келіссөздерінің қорытындылары туралы қаулысын талқылай келіп, жыйналысқа қатысушылар оның бейбітшілік ісін нығайту үшін халықаралық маңызы зор екенін атап көрсетті.

Лагутина М. И.	«Красный партизан»	Преснов	1777
Юрасова Е.	«Красный партизан»	Преснов	1685
Чижовская А. И.	Сталин атындағы	Совет	1881
Кастюрина Т.	«Красный партизан»	Преснов	1664
Грешникова Е.	«Новый путь»	Ленин	1663
Шарапова Р. П.	«Красный партизан»	Преснов	1654
Сважун З. И.	«Колос»	Конюхов	1617
Зновьяк А. В.	Каганович атындағы	Совет	1600
Шагалова А.	Сталин атындағы	Преснов	1582
Барт Э.	Каганович атындағы	Совет	1572
Майснер Э. П.	Сталин атындағы	Преснов	1564
Бурлакова В.	«Путь к социализму»	Ленин	1555
Шефер Э.	Сталин атындағы	Преснов	1531
Шарапова М. И.	«Красный партизан»	Преснов	1509
Думаюкая М. И.	Каганович атындағы	Совет	1508
Бондарева А. М.	Маленков атындағы	Преснов	1492
Демиденко А. Я.	«Колос»	Конюхов	1990
Милинчук А.	«Новый путь»	Булаев	1466
Мендер Е.	Сталин атындағы	Преснов	1453
Комарова М. Ф.	Маленков атындағы	Преснов	1453
Давиденко Т.	Сталин атындағы	Совет	1445
Пальчикова Л.	«Путь к социализму»	Ленин	1443
Арчакова А. В.	«Колос»	Конюхов	1436
Петерсон М.	Маленков атындағы	Преснов	1415

Бенгарт Э. А.	Молотов атындағы	Конюхов	1403
Пиходкая Я. П.	Сталин атындағы	Совет	1389
Лагутина Г. Я.	«Красный партизан»	Преснов	1385
Сәрсембина С.	Сталин атындағы	Булаев	1384
Найбауэр Р.	Мичурин атындағы	Конюхов	1382
Клейменова Н. И.	Киров атындағы	Ленин	1382
Пучкова Е. М.	«Путь Ленина»	Конюхов	1378
Гончар Г. Я.	«Колос»	Конюхов	1376
Блонская М. С.	«Первое мая»	Ленин	1342
Кривцова Н. Ф.	«Первое мая»	Ленин	1341
Кологонда М. Н.	Молотов атындағы	Конюхов	1337
Воробьева	«Совет»	Совет	1333
Гвоздева З.	«Тропинка Ильича»	Ленин	1331
Гесс Э.	«Путь коммунизма»	Соколов	1329
Левченко М.	Молотов атындағы	Конюхов	1324
Шнайдер Г.	«Победа»	Булаев	1323
Вдовиченко М.	«2-ая пятилетка»	Булаев	1315
Верталина М.	«Победа»	Совет	1312
Исина	Сталин атындағы	Булаев	1311
Косыгина Е. С.	Молотов атындағы	Конюхов	1311
Герман А. П.	«Новый свет»	Преснов	1310
Герман А. Я.	«Новый свет»	Преснов	1310
Котикова В.	«Путь коммунизма»	Соколов	1304
Васильева Е. Е.	Киров атындағы	Конюхов	1303

## Комбинат коллективінің игілікті ісі

Преснов аудандық өндіріс комбинаты алғаш ұйымдастырылған жылы мұнда көші-тірім үш цех қана жұмыс істей бастаған еді. Ол кезде шығарылатын өнім бірден аз болса, екіншіден сапалылығы тұтынушылар талабына сай келмейтін. Соңғы жылдарда комбинат тез өсіп жетілді. Цехтарда отандық жаңа техника орнатылып, пайдалануға берілді. Соның нәтижесінде өнім шығару молая түсіп, оның сапасы жақсарды, өзіндік құны жеми түсті.

Комбинатта көзір 6 цех бар. Бұлардың ең күрделісі — аяқкиімдер өндіретін цех. Цех коллективі 1955 жылдың екінші тоқсанында тамаша өндірістік табысқа ие болды. Олар жалпы өнім шығару жөніндегі тапсырманы 139,6 процент етіп орындады. Цехтағы еңбек озаттары Петр Лукянчиков, Николай Краснов және Евгений Кузьмин жолдастар еменалық, айлық өндірістік тапсырмаларын ордайым 120—160 проценттен орындайды.

Жүк арбалары мен мебель өндіретін цех та жылма-жыл ұлғая түсуде. Быыл мұнда жаңадан дөңгелек циркуляр ара-темір, ағаш жонатын станок алынып, орнатылды және пайдалануға берілді. Осы цехта жұмыс істеуге өз істерін жете меңгере білген маман кадрлар іріктеліп, жұмысқа орналастырылды. Цехтың бағырғы жұмысшылары Шерстобитов, Рутелов және Шефер жолдастар өздеріне

міндеттелген өндірістік жұмыстарды бір-жарым-өкі есе асыра орындаумен бірге, жақында ғана жұмысқа алынған жастарды үйретуге ерекше көңіл бөліп отырады. Сол озаттардың көмегімен жас жұмысшы Шарандин жолдас міндеттелген өндірістік жұмыстарды аз күннің ішінде жақсы меңгеріп алды.

Цех коллективі өндіріс жұмыстарында еңбек өнімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарту және өзіндік құнын жеңіту жолындағы социалистік жарыс туын жоғары ұстап, жартыжылдық тапсырмаларын 693,2 процент орындап шықты. Өндіріліп шығарылған жүк арбалары мен мебельдер аудандық тұтынушылар одағы арқылы колхоздар мен совхоздарға және МТС-терге сатылды. Мұнымен бірге, осы цех адамдарының жасап шығарған 200-ден астам партасы да аудан мектептеріне берілді. Көзір олар село рационализаторы Романенко жолдасын жасап шығарған веялжасының үлгісімен жаңа веялжаларды көп өндіріп шығару ісін қолға алып отыр.

Комбинаттың жаппай киім тігу және еңбекшілер зақаздарын орындайтын цехтары да үстіміздегі жылы табысты еңбек етіп келеді. Цех тігіншілері шығаратын өнімнің бері және әсем, көрікті болуын қамтамасыз ете отырып, жартыжылдық жоспарды 179 проценттен асыра орындады.

Соңғы жылдарда бізде өсімдік майларын ағызатын цех ұйымдастырылып, үзбестен жұмыс істеп келеді. Көзір цехтағы барлық агрегаттар механика күшімен жүргізіледі. Ауданның Сталин атындағы, Хрущев атындағы және «Победа» колхоздары талаудағы күндердің өзінде комбинатқа май ағызуға 11 тонна рыжик тапсырып, 14 центнер дайын өнім алды.

Үстіміздегі жылы комбинатта қамыс престейтін жаңа цех ашылды. Мұнда 4 станок жұмыс істейді. Ол станоктардың әрбіреуінде үш адам еңбек етеді. Комбинат быйылғы жылы өз күшімен дайындаған 400 текшеметр қамысты және Преснов МТС-і дайындаған 1300 текшеметр қамысты престеді. Осыдан 1692 шаршыметр қамыс плиталарын жасап шығарды.

Аудандық өндіріс комбинатының барлық коллективі СОБП Орталық Комитеті июль Пленумының «Өнеркәсіпті оған өрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі міндеттері туралы» қаулысын зор өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Сөйтін партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста озып шығу үшін көрменді қарқынмен еңбек етуде.

**Н. ПАСТУХОВ,**

Преснов аудандық өндіріс комбинатының директоры.



КИНО

„Княжна Мери“

Ұлы ақын Михаил Юриевич Лермонтовтың «Біздің заманның геройлары» атты кітабы негізінде 1955 жылы Москваның Максим Горький атындағы киностудиясы жасап шығарған көркемсуретті, түрлі-түсті «Княжна Мери» фильмін облысымыздың еңбекшілері искусствомыздың жаңа табысы ретінде жоғары бағалауда.

Фильмнің басты геройы Печорин өмір сүрген кездегі тарихи жағдай патшалық Россияда дворян революционерлерінің көтерілісі күшпен басылып, қоғамның ойшыл, озат пікірлі адамдарын патша мен оның жөндеттері — полиция қуғынға ұшыратып, ауыр жазалап, жер аударып жапқан реакцияның кезі болатын.

Декабристердің көтерілісін күшпен басқан патша үкметі халықты оған сайын тұншықтыра түсті. Бұл көтерілістен кейін көптеген адамдар өзінің бұрынғы идеясынан қайтып, сөйміні жоғалтып, құбылмалы, мешәндік жолға түсті. Міне, сондай ауыр жылдарда өмір сүрген Печорин өзі жасаған қоғамнан шынық таба алмады, бостандықты аңсады, өз күштерін пайдаланатын орынды және өзінің өмірден алатын арнаулы үлесін іздеді.

Печорин патшаның және оның жөндеттерінің халыққа жасап отырған қиянатын, крепостнойлық правоның халық таланты мен күш-жігеріне еркіндік бермей отырғандығын біледі. Бірақ бұдан құтылудың жолын таба алмайды. Ол тек өзінің өткір тілін нысабаға дәл тигізіп, оларды күлкі-сықақпен әшкереелейді. Ал қоғамдық қыспақ Печорин сыяқты адамдарға бұл шеңберден асып кетуге мүмкіндік бермеді.

Ерлік пен батылдықтың, намыстың иесі, ойшыл, рухани сезімі күшті жас офицер Печорин өзі өмір сүрген ортасына риза емес. Ол әлде нені аңсайтын, іздейтін сыяқты. Өз бойындағы жастық қайратты пайдалы іске жұмсағысы келеді. Бірақ сол заманның қараңғы түнегі оның бұл арманының орындалуына бөгет жасайды. Ол өмірден өз үлесін ала алмайды, қалай істегенде күткен арманына қолы жететінін білмейді. Фильмдегі орындалатын «Жалғыз желкем жаптылдап» өні оның осы күйін танытқандай. Печорин өмірдің еркін болуын аңсайды, бірақ оған қалай жетудің жолын таба алмайды.

Әділетсіз өмірдің тұңғылық түнегі оны еріксіз адасушылық жолына түсіреді. Ол жазықсыз жас қыз Мериді сүймеседе оны өзін сүйе мәжбүр етеді. Бұл жағдай Грушницкий мен драгун капитаны бастаған өмір құбылыстарын түсінбейтін топас, ұшқалақ, баққұмар топқа қарсы намыстан туған еді. Мериді сүйетін Грушницкийді Печорин дуэльде атып өлтіреді, Мериге өзінің сүйейтіндігін хабарлайды.

өзінің әкесінің әмірімен лажсыз бай шалға тұрмысқа шығады. Бірақ ол күйеуге шықса да, Печоринді бұрынғы қалпында сүйеді. Оның күйеуі балғын жас Верадан жас жағынан әлдеқайда үлкен, қарт адам еді. Дворяндық салт пен байлықтың пыр-мауына түскен Вера тордағы құстай талпынып, еркіндік іздейді.

Кинофильмдегі Вераның, Меридің, Печориннің өмірден күткен үміттері орындалмай, ауыр қайғымен аяқталады. Фильмді көрушілер жастарды осы азапты қайғылы өмірге түсіріп отырған крепостнойлық право мен реакцияға қарғыс айтып, сол өмірдің Печорин, Мери, Вера сыяқты құрбандарына аяушылық білдіреді.

Фильмде Печориннің ролінде ойнаушы А. Вербицкий оның бейнесін кинофильмде жақсы көрсете алған. Әсіресе адамның қамығу, ойлау, ашулану, жылау сыяқты эмоцияларын артист Вербицкий өте шебер нанымды етіп жеткізеді.

Өмір бойы өзі мен өзі болып өткен қорқақ, баққұмар, өмірге түсінбейтін ойсыз, көзге түсіп әсер етуді арман ететін мақтаншақ Грушницкийдің образын артист Губанов мейлінше жақсы шығарған, ол өзінің көп ізденуінің арқасында тұрақсыз, сөзге ергін адамдардың көңіл күйін, дауыс ырғағын, қымылын жақсы көрсете алған.

Фильмдегі Вераның ролінде ойнаушы Пилецкаяның табысын атап өту керек. Артистка Пилецкая жас Вераның өмір қыспағы алдындағы дәрменсіздігін, адалдығын және оның үлкен арманын ойдағыдай жеткізе көрсеткен.

Кинофильмнің бұл табыстарымен қатар аздаған кемшіліктеріне де тоқталған жөн. Фильмдегі дәрігер, ой-пікірі жоғары, өмірді өзінше дұрыс түсінетін Вернердің іс әрекеті, ішкі-сыртқы бейнелері солғын шыққан. Бұл образды артист Астангов жазушының жасаған образындай мінсіз әрекеттері ұстамды, өткір тілді сықақшыл етіп шығаға алмаған.

Сол сыяқты жас қыз Меридің образы толық болып шықпай қалған. Бұл ролді ойнаушы артистка Санова жолдас Мериді тұрақсыз, көрсекызар адам етіп көрсеткен. Алғашқыда Меридің Грушницкиймен байланыс жасап, кейіннен Печоринге қарай аяусу себебі түсініксіз көрсетіледі.

Кавказдың көркем табиғаты, сол сыяқты өмірдің ауыр үкіміне лажсыз көнген қайғылы жастардың кездесу эпизодтары фильмде өте нанымды, шынайы, біркелкі тәуір көрсетілген.

Кейбір кемшіліктеріне қарамастан бұл фильмді Горький атындағы киностудияның соңғы табыстарының бірі деп бағалау керек.

Совет ауылшаруашылық делегациясының АҚШ-та болуы

ВАШИНГТОН, 23 август (ТАСС). Кеше совет ауылшаруашылық делегациясы АҚШ-тың егіншілік министрі Э. Т. Бенсонның шақыруы бойынша АҚШ егіншілік министрлігінде болды, онда делегацияның басшысы, ССРО Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары В. В. Мацкевич Э. Т. Бенсонмен әңгімелесті, әңгіменің барысында делегацияның АҚШ-ты аралауына қорытынды жасалды.

В. В. Мацкевич делегацияның бүкіл құрамын министрге таныстырғаннан кейін оған қатысушылар топ-топқа бөлініп, министрлік бөлімдерінің басшыларымен әңгімелесті. Бұдан кейін таңертеңгі қонақасы берілді, оған делегация мүшелері мен Э. Т. Бенсоннан басқа егіншілік министрлігінің және мемлекеттік департаменттің басшы өкілдері де қатысты.

Таңертеңгі қонақасыда Э. Т. Бенсон қысқаша сөз сөйледі. Ол совет делегациясының сапары совет және американың халықтарының арасындағы өзара түсінісуді оған әрі нығайту ісіне сол сыяқты, ССРО мен АҚШ арасында делегация алмасуды бұдан былай да жеңейтуге қызмет етеді деген үміт білдірді.

Жауап сөз сөйлеген В. В. Мацкевич АҚШ-тың егіншілік министрлігі мен мемлекеттік департаментіне олардың делегацияға көрсеткен көмегі үшін және делегацияның елді аралауын тамаша ұйымдастырғаны үшін делегацияның атынан шығы жүрекпен алғыс айтты. Делегация, деді В. В. Мацкевич, американың ауыл шаруашылығы жетістіктерін зерттеуді өзіне мақсат етіп қойды. Біз шынында да көптеген жақсы нәрселерді көрдік, мұның өзі, әсіресе көзір, ССРО-ның ауыл шаруашылығында оны бұдан былай да дамытудың кең программасы жүзеге асырылып жатқан кезде біздің елімізде қолданылатын болады. ССРО ауыл шаруашылығы, деп атап көрсетті Мацкевич, көзір жақа өрлеу жолында. Ол елдің ішінен де, сол сыяқты, шетелден де алған тәжірибені, атап айтқанда, АҚШ-тағы бар тәжірибені кең пайдалану, совет ауыл шаруашылығының оған әрі дамытылуын және өрге басуын тездетеді.

Мацкевич былай деп атап көрсетті: делегация АҚШ-қа халықаралық жаңа жағ-

дай кезінде келді, халықтардың бейбітшілікке орынды ұмтылуы, елдер арасындағы қатынастарды жақсартуға негіз салған Женева кеңесінің рухы, деді ол, біздің барлық сапарымызға жәрдемдесіп, оған едәуір дәрежеде қоғамдық сыйнап берді. Біз көптеген американдармен кездестік, совет адамдарының тұрмысы туралы олардың көптеген сұрақтарына жауап бердік және біздің сапарымыздың осы жағы кейде біздің жұмысымыздың техникалық жағын біркелкі қыбындатқанына өкінібейміз. Біз, деді қорытындысында Мацкевич министрлер Заңын біздің елдеріміздің арасындағы байланыстар мен бейбіт өзара қатынастарды жеңейтудің қажеттігі туралы мәлімдемесін құттықтауға ерекше қуаныштымыз. В. В. Мацкевич егіншілік министрі Э. Т. Бенсонға делегация атынан сыйлық тапсырып, оны Совет Одағына желуге шақырды.

АҚШ егіншілік министрлігінде болған таңертеңгі қонақасыдан кейін делегация мүшелері ССРО-ның АҚШ-тағы Уақытша Елшісі С. Р. Стригановты және ССРО-ның Вашингтондағы елшілігінің басқа өкілдерін қастарына ертіп, Маунт-Вернондағы Джорж Вашингтонның мекен музейіне барды, онда американың азаматтарының бір тобының және баспасөз өкілдерінің қатысуымен В. В. Мацкевич және ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы профессор В. Р. Соколов АҚШ-тың бірінші президентінің зияратына венюк қойды.

Бөлек ССРО-ның Вашингтондағы елшілігінде Совет ауыл шаруашылығы делегациясының құрметіне үлкен қабылдау ұйымдастырылды. Қабылдауға АҚШ егіншілік министрі Э. Т. Бенсон және оның орынбасарлары, егіншілік министрлігінің жоғары дәрежелі чиновниктері, АҚШ-тың мемлекеттік департаментінің өкілдері, дипломатиялық қорғушысы мүшелері, Американың ғылыми, финансы және сауда топтарының өкілдері, фермерлер, информациялық агенттіктердің, журналдар мен газеттердің тілшілері қатысты.

Қабылдау жылы шырай, достық жағдайда өткізілді.

25 августа делегация Нью-Йорктан Канадаға ұшып кетеді.

Вьетнамның Ұлттық біріккен майданының съезін шақыру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің МАЗМҰНДАМАСЫ

ХАНОЙ, 23 август (ТАСС). Вьетнам информациялық агенттігінің хабарлауына, Вьетнамның Ұлттық біріккен майданының съезін шақыру жөніндегі ұйымдастыру комитеті мазмұндама жариялады, онда былай делінген: Вьетнамның ұлттық біріккен майданын жеңейту және

жұмысына елдің саяси партияларының, бұқаралық ұйымдарының және өртүрлі топтарының делегаттары, шетелде тұратын вьетнамдықтардың өкілдері қатысады.

Съезд бүкіл халықтың мүдделеріне сәйкес Вьетнамның Ұлттық біріккен майданына

Бухарестегі парад пен еңбекшілер демонстрациясы

БУХАРЕСТ, 23 август (ТАСС). Сталин атындағы алаң салтанатты және мерекелі. Жалауларды самал жел желбіретіп тұр. Трибуналардың жоғарғы жағында Румын Халық Республикасының мемлекеттік гербі, Ленин мен Сталиннің, СОМН Орталық Комитеті Президиумы мүшелерінің, Румыния жұмысшы партиясы мен Румын мемлекет басшыларының портреттері. Маталардың біріне үлкен әріпшен: «23 август» деген сөз жазылған.

Алаңда және оған жақсарлас көшелерде Бухарест гарнизонының әскерлері сап түсең тұр. Трибуналарда — өнеркәсіп орындарының озат адамдары, министрлер, ғылым мен мәдениет қайраткерлері, офицерлер мен генералдар, партия және мемлекет қызметкерлері, жұртшылық өкілдері, көптеген шетелдік қонақтар. Дипломатиялық ложада ССРО-ның Румыниядағы елшісі А. А. Епишев, Бухаресте тіркелген елшіліктер мен мессиялардың басшылары мен мүшелері.

Таңертеңгі сағат 9. РХР министрлер Советінің Председателі Г. Георгиу-Деж, СОМН Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев, РХР Ұлы Ұлттық жыйналысы Президиумының председателі Петру Гроза, Румын жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Г. Апостол, Румын жұмысшы партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері, халықтық-демократиялық елдердің үкімет делегацияларының басшылары және басқалар орталық трибунаға көтерілді. Қатысушылар оларды ду қолшанап-лақтап қарсы алды. Парадты қабылдаушы Қарулы Күштер Министрінің бірінші орынбасары генерал-лейтенант Л. Селэжану сап түзеген әскерлерді аралап, оларды Румынияның азат етілуінің 11 жылдығымен құттықтады. Ол бұдан кейін орталық трибунаға шығып сөз сөйледі. Ол бейбітшілік пен социализмнің қуатты лагерінің құрметіне, Совет Одағының және Румын Халық Республикасының құрметіне ұрандар айтты. Артиллериядан берілген салюттің гүрсілі естілді. Оркестр Румын Халық Республикасы мен ССРО-ның мемлекеттік гимндерін орындады. Солдаттардың қуатты «Урасы» алаңның ол шеті мен бұл шетіне дейін естіліп жатты.

Әскери парад басталды. Әскери академияларының тыңдаушылары, жаяу әскерлер, теңізшілер, шекарашылар сап түзең, аяқтарының нық басып трибуна жаңынан өтті. Олардың ізінше мотомеханикаландырылған және танқ әскери бөлімдері өтті. Әуеден реактивтік самолеттер тез ұшып өтті. Олардың ізінше өз халқының бейбіт еңбегінің күзетінде айнымастан

тұрған Румыния Қарулы Күштерінің құрметіне трибуналардан қошемет көрсеткен овация естіліп жатты.

Фашистік өктемдікті құлатуға қатысқан жұмысшылардың қарулы отрядтары еңбекшілер демонстрациясын бастады. Демонстрацияға қатысушылардың ең жастары — бақытты балалар горндар мен барабандардың әуеніне ілесе алаңға кірген кезде трибуналарда тағы да ду овация болды. Астананың барлық 8 ауданының өкілдері оларға ілесе жүрді. Олар жүздеген тулар, Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің, СОМН, Румын жұмысшы партиясы және басқа тұтысқан коммунистік жұмысшы партиялары басшыларының портреттерін көтеріп келеді.

Румын машина жасаушыларының мерекеге тартулары — МТЗ және КДП маркалы тракторлар, астық комбайны, жүк автомобилдері мен автобустар алаң арқылы жүріп өтті. Демонстранттар колонналарының үстінде — 23 августтың құрметіндегі жарыста бірінші бесжылдықтың міндеттерін мерзімінен бұрын орындауды Румын еңбекшілерінің табыстарын бейнелейтін диаграммалар мен плакаттар. «Румын халқының ұлы ұлттық мерекесі — 23 август жасасын!», «Румын — Совет мызғымас достығы жасасын!» деген ұрандар алаңның ол шеті мен бұл шетіне жетіп естілді. Демонстранттар «ССРО—РХР» деген сөздерді қайталап айқайлайды. Ол жерде де бұл жерде де өзінен өзі басталып кеткен билер, көңілді және қуанышты әндер. Қорытындыда физкультурашылар колонналары жүріп өтті.

Үш сағаттан аса уақытқа созылған Бухарест еңбекшілерінің мерекелік жүрісі румын халқының социализм ісіне берілгендігін, оның ұлы Совет Одағымен туысқандық және мызғымас достығын бұдан былай да нығайтуға, бейбітшілік және халықаралық ынтымақ жолында жүресуге бел байлағандығының айқын демонстрациясына ұласты.

Бүгін мұнымен бірге азат болу күніне байланысты Румын еңбекшілерінің демонстрациялары Клужде, Тимишоарда, Орадяда, Тыргуа, Муреште, Яссала, Галацта, Плоештитте, Сталин қаласында, Крайовада және республиканың басқа қалаларында да болып өтті.

Бүгін Бухарестің көшелеріне, бульварларына, алаңдары мен парктеріне халық толды. Барлық жерде де көңіл көтеріпкі, өн мен музыка үні шырқап естіледі. Көпке румын астанасы мерекелі әшекей нұрына бөленді. Бухаресте және басқа қалаларда артиллериядан атылған мерекелік салют салтанатты түрде естілді.

Француз қарулы күштері Мароккодағы командашысының қазаға ұшырауы



# Совхоз кітапханашысы

Хрущев атындағы совхозға Николай Коновалов апрель айында ғана Одессадан келген еді. Совхоз дирекциясы мен партия ұйымы совхоздағы мәдени-бұқаралық жұмыстарды жақсартуды еске алып, коммунист Н. Коновалов жолдасты совхоз кітапханасының меңгерушісі етіп тағайындаған болатын.

Н. Коновалов жолдасты совхоздағы кітапхананың жұмысын еңбекшілердің тілегіне толық сай етіп жүргізіп келеді. Өзінің қажырлы еңбегінің арқасында ол жаңа қоныстанушылардың құрметіне ие болды.

Совхоз кітапханасы жаңа қоныстанушылардың арасындағы шын мәніндегі мәдениет ошағына айналды. Кітапханада лекциялар, кітап оқушылардың конференциялары, шахмат, дойбы турнирлері өткізіліп отырылады. Кітапхананың барлық жұмысы жоспар бойынша жүргізіледі.

Н. Коновалов қызметке тағайындалған кезде кітапхананың 120 кітап оқушысы бар еді. Көзір мұндағы кітап оқушылардың саны 300-ге жетті. Кітапхана үйінде кітаптың маңызы туралы көптеген ғалымдар мен жазушылардың айтқан пікірлері үлкен әріптестермен жазылып ілінген. Н. Коновалов жолдасты совхоз еңбекшілерімен үзбей байланыс жасап, олардың үйлерінде болып, еңбекшілердің қандай кітаптарды керек ететінін біліп, оларға жаңа түскен кітаптар туралы хабарлап отырады.

Совхоз бригадаларында бұл кітапхананың бөлімшелері жұмыс істейді. Ол бөлімшелердегі кітаптар, газет журналдар үнемі ауыстырылып, жаңартылып отырылады. Н. Коновалов әрбір бригадада жауынгерлік листоктар шығаруға, жұмысшылар

арасында газет оқу ісіне және бригададағы кітапхана бөлімін басқаруға адамдар тағайындады. Оның еңбекшілер арасындағы мәдени-бұқаралық жұмыстарды ойдағыдай ұйымдастыруына В. Каминский, И. Монаревский, Л. Рублева, Ф. Соболева сияқты комсомолецтер үнемі көмектесіп келеді.

Совхоздағы кітапхана жұмысы еңбекшілерді қажырлы еңбекке жұмылдыруға, олардың арасында тәрбие жұмысын нығайтуға бағытталып жүргізіледі. Жақында совхоз кітапханасында Вера Бетминскаяның «Ерлік» атты кітабы бойынша оқушылар конференциясы өткізілді. Конференция өткізілетін күнге дейін бұл кітапты 62 адам оқып шықты. Олар конференцияда кітаптан алған әсерлері жөнінде сөйледі.

— Конференцияны бұл кітап жөнінде өткізу себебіміз кітапта Амур өзенінің жағасындағы Комсомольск қаласын салушылардың өмірі, кездестірген қиыншылықтарды жеңіп шығудағы күрестері толық көрсетіледі. Кітаптағы оқығанда бүгінгі тың көтерусілердің өміріне тым ұқсас, ал конференцияда сөйлеушілердің сөзі тыңдаушыларға көп әсер етеді. Сондықтан конференцияның мақсаты өндірістік жұмыста кездесіп отырған қиыншылықтарды қажырлылықпен жеңіп шығуды насихаттауға арналды, — дейді Николай Коновалов жолдасты.

Совхоздағы кітапхана еңбекшілердің мәдени тілектерін қанағаттандыра отырып, оларды қажырлы еңбекке жұмылдыру үшін өзінің жұмысын жақсартып береді.

**М. АХМЕТОВ.**

## Панфиловтықтардың үлгісімен

Мамлют ауданының еңбекшілері Талдықорған облысы, 28 гвардияшылар ауданының Панфилов атындағы ауылшаруашылық артелі еңбекшілерінің мектептерді бүкілхалықтық қамқорлыққа бөлеу туралы республика жұртшылығына арнаған үндеуін зор әрлеумен талқылап, мектептерді жаңа оқу жылына дайындау жұмыстарына нақтылы көмек көрсету жөнінде өздеріне міндеттеме алған болатын. «Индустрия» ауылшаруашылық артелінің мүшелері өздерінің бұл міндеттемелерін іс жүзінде орындап шықты. Олар селодағы мектепті жөндеу және қысқа қажетті отын дайындау жұмыстарын өз күштерімен жүргізді. Көзір бұл мектеп жаңа оқу жылына бастауға толық әзір.

Осы аудандағы Вильямс атындағы колхоз басқармасы мектепті жаңа оқу жылына дайындау жұмыстары үшін 20 мың сом қаржы бөліп, оны мектеп үшін жөндеу жұмыстарына жұмсады. Ал Чкалов атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері осы селодағы Воскресенск жетіжылдық мектебін жаңа оқу жылына толық әзір етуге көмектесті.

Панфиловтықтардың игілікті бастамасын «Большевик» колхозының коллективі де іспен қолдады. Олар Мурашкин бастауыш мектебін жаңа оқу жылына дайындау жұмысын бұл күндері толық аяқтап шықты.

**А. ЖАҒЫПАРОВ.**

Панфиловтықтардың бастамасын майданның сөзі 1955 жылғы 5 сентабрыде шақырылмақшы болды. Съездің

## Оңтүстік Судандағы көтеріліс

ХАРТУМ, 21 август (ТАСС). Баспасөздің хабарлаулары бойынша Суданның генерал губернаторы Нокс-Хелм 19 августа Оңтүстік Судан әскерлерінің үкіметке қарсы көтерілісімен байланысты, Суданның үш оңтүстік провинцияларында — Бахр-эль-Газаль, Экваториаль провинциясы және Жоғарғы Нил провинциясында — төтенше жағдай енгізді. Хартум мен көтеріліс жасаған аудандар арасындағы байланыс үзілді.

Көтерілісті басу үшін үкімет Джубаға (Экваториаль провинциясы) шұғыл арада әскерлер жіберді, бұл мақсат үшін оның қарамағындағы барлық самолеттер пайдаланылуда.

ЛОНДОН, 21 август (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабарлауына сәйкес, Англия Судан үкіметінің өтінуі бойынша көтеріліс болып жатқан аудандарға әскерлер жеткізу үшін ағылшын соғыс-әуе күштерінің транспорт самолеттерін Судан өкімет орындарына қармағына берді. Джуба қаласы көтеріліске қатысушыларға қарсы үкімет әскерлерінің операциясын әзірлеуге арналған базаға айналдырылды.

## Алжирдегі және Мароккодағы жағдайлар жайында

ПАРИЖ, 22 август (ТАСС). Алжирде және Мароккода соңғы 48 сағат ішінде болған қанды оқиғалар туралы хабарлай келіп, Париж газеттері әлі толық емес мәліметтерді келтіреді. Бұл мәліметтерге сәйкес, соқтығыстың салдарынан жергілікті тұрғындар мен француз әскери қызметшілері арасында мыңға жуық өлгендер және өте көп жараланғандар есептеліп отыр. Бірсыпыра газеттердің бағалауы бойынша, Алжир мен Мароккода нағыз соғыс қиымдылары қанат жайды, оған француз жағынан жаяу әскер, парашютшілер, бронетанк бөлімшелері, авиация мен артиллерия қатынасты. «Фигаро» газетінің хабарлауына қарағанда, кеше күні

## Египет соғыс министрлігінің хабары

НЬЮ-Йорк, 23 август (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігінің тілшісі Египет соғыс министрлігінің хабарына сүйене отырып, Каирден былай деп хабарлайды: кеше Израиль патрулі Газының шығыс жағындағы Египет алдыңғы шеңбері күзегіне шабуыл жасаған кезде Египеттің бір офицері өліп, 4 солдатты жараланды. Министрліктің хабарында былай делінген: Израиль шекара патрулінің қиымдысын көршілес Израиль поселенесінен минометтен оқ атып қолдаған.

Париж, 23 август (ТАСС). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Рабаттан хабарлауына, кеше авиациялық апаттың салдарынан француз қарулы күштерінің Мароккодағы командашысы генерал Дюваль қаза тапқан.

## Оңтүстік Судандағы көтеріліс

Хартум, 21 август (ТАСС). Баспасөздің хабарлаулары бойынша Суданның генерал губернаторы Нокс-Хелм 19 августа Оңтүстік Судан әскерлерінің үкіметке қарсы көтерілісімен байланысты, Суданның үш оңтүстік провинцияларында — Бахр-эль-Газаль, Экваториаль провинциясы және Жоғарғы Нил провинциясында — төтенше жағдай енгізді. Хартум мен көтеріліс жасаған аудандар арасындағы байланыс үзілді.

Көтерілісті басу үшін үкімет Джубаға (Экваториаль провинциясы) шұғыл арада әскерлер жіберді, бұл мақсат үшін оның қарамағындағы барлық самолеттер пайдаланылуда.

ЛОНДОН, 21 август (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабарлауына сәйкес, Англия Судан үкіметінің өтінуі бойынша көтеріліс болып жатқан аудандарға әскерлер жеткізу үшін ағылшын соғыс-әуе күштерінің транспорт самолеттерін Судан өкімет орындарына қармағына берді. Джуба қаласы көтеріліске қатысушыларға қарсы үкімет әскерлерінің операциясын әзірлеуге арналған базаға айналдырылды.

НЬЮ-Йорк, 23 август (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Хартумнан хабарлауы бойынша, Оңтүстік Судандағы көтеріліс Африка негрлерінің тайпалары тұратын Нил аңғарының батыс аудандарына жайылуда.

## Алжирдегі және Мароккодағы жағдайлар жайында

ПАРИЖ, 22 август (ТАСС). Алжирде және Мароккода соңғы 48 сағат ішінде болған қанды оқиғалар туралы хабарлай келіп, Париж газеттері әлі толық емес мәліметтерді келтіреді. Бұл мәліметтерге сәйкес, соқтығыстың салдарынан жергілікті тұрғындар мен француз әскери қызметшілері арасында мыңға жуық өлгендер және өте көп жараланғандар есептеліп отыр. Бірсыпыра газеттердің бағалауы бойынша, Алжир мен Мароккода нағыз соғыс қиымдылары қанат жайды, оған француз жағынан жаяу әскер, парашютшілер, бронетанк бөлімшелері, авиация мен артиллерия қатынасты. «Фигаро» газетінің хабарлауына қарағанда, кеше күні бойы Франциядан Мароккоға әуе жолымен қосымша күш жөнелтілген.

## Египет соғыс министрлігінің хабары

НЬЮ-Йорк, 23 август (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігінің тілшісі Египет соғыс министрлігінің хабарына сүйене отырып, Каирден былай деп хабарлайды: кеше Израиль патрулі Газының шығыс жағындағы Египет алдыңғы шеңбері күзегіне шабуыл жасаған кезде Египеттің бір офицері өліп, 4 солдатты жараланды. Министрліктің хабарында былай делінген: Израиль шекара патрулінің қиымдысын көршілес Израиль поселенесінен минометтен оқ атып қолдаған.

ПАРИЖ, 23 август (ТАСС). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Рабаттан хабарлауына, кеше авиациялық апаттың салдарынан француз қарулы күштерінің Мароккодағы командашысы генерал Дюваль қаза тапқан.

Генерал Дюваль портында болған самолет Кенифра мен Касва-Тадланың арасында өртенген күйінде, соңғы апаттан пункттен 20 километр жерден табылған.

## СОВЕТ КИНОФИЛЬМДЕРІНІҢ КАНАДАДАҒЫ ФЕСТИВАЛІ

ОТТАВА, 23 август (ТАСС). Кеше Торонтоның кинотеатрларында бірінші совет кинофильмдерінің фестивалі ашылды, ол бір аптаға созылады. Алғашқы күні «Сибирь жері туралы аңыз» және «Тас гүлі» деген кинофильмдер көрсетілді.

ПАРИЖ, 23 август (ТАСС). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Рабаттан хабарлауына, кеше авиациялық апаттың салдарынан француз қарулы күштерінің Мароккодағы командашысы генерал Дюваль қаза тапқан.

Генерал Дюваль портында болған самолет Кенифра мен Касва-Тадланың арасында өртенген күйінде, соңғы апаттан пункттен 20 километр жерден табылған.

## ФИНЛЯНДИЯ ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ

ХЕЛЬСИНКИ, 23 август (ТАСС). Хельсинки радиосының хабарлауына, үстіміздегі жылы бірінші январьда Финляндия халқының саны 4.248.773 адам. Елдің халқының 34 проценті қалалар мен елді пункттерде тұрады.

## Елімізде футболдан бірінші орын алу жарысы

### «Б» тобындағы командалардың ойыны

Елімізде «Б» тобындағы командалардың арасында футболдан бірінші орын алу жарысының екінші күні шиеленіскен күрес үстінде өтіп жатыр. Бірінші аймақта турнир кестесін көзір екі команда — «Буревестник» (Кишинев) және «Спартак» (Вильнюс) бастап келеді. Бұл командалар әрқайсысы 20 реттен ойын өткізіп, 26 ұпайдан жыйнады. Вильнюс спартакшылары соңғы кездесуде 4:0 есебімен Ужгород спартакшыларын жеңіп шықты. «Буревестник» командасының футболшыларымен кездесуде 2:0 есебінде «Нищевик» командасын (Одесса) ұтты. Днепропетровскінің «Металлург» қолжамының командасы 5:0 есебімен Таллин динамошыларын жеңіліске ұшыратты. Ступино қаласының командасы Москва көмір бассейнінің «Шахтер» қоғамы футболшыларымен кездесуде 2:0 есебінде жеңіске ие болды. Киев және Львов офицерлер үйлері футболшыларының кездесуі 3:2 нәтижесімен Киев футболшыларының пайдасына аяқталды.

Екінші аймақта көзір ең күшті командалар Тбилиси офицерлер үйі футболшылары мен Ереван спартакшылары болып табылады. Олардың әрқайсысы 28 ұпайдан жыйнады. Тбилиси футболшылары соңғы кездесуде 2:0 есебімен Сталинград торпедошыларын жеңіп шықты. Ереван спартакшылары 2:1 есебінде «Спартак» командасын (Ташкент) ұтты. «Нефтяник» командасы (Краснодар) Свердловск офицерлер үйінің футболшыларымен кездесуде жеңіске жетті. Кездесу 5:1 есебінде Краснодар футболшыларының пайдасына шешілді. Воронеж қаласының футболшылары 1:0 нәтижесінде Молотов қаласының командасын ұтты. Саратовтың «Энергия» командасының футболшылары Дюдағы Ростовтың футболшыларымен 2:2 есебінде және Алматының «Урожай» командасы Бакудің «Нефтяник» командасымен 1:1 есебінде ойынды тең аяқтады. (ТАСС).

Редактор **Ғ. МҰҶАМЕДЖАНОВ.**

## КИНОЛАРДА

### «ОКТАБРЬ» кинотеатрында

#### «НЯЖНА МЭРИ»

Сеанстар кешкі сағат 5, 6-50, 8-40, 10-30-да басталады.

Петропавл қаласы, Базарбаев көшесі, 121-үйде тұрушы Виктор Газрилович Мищенко Архангельск облысы, Вельск қаласы, Пушкин көшесі, 90-үйде тұрушы Анастасия Ивановна Мищенкодан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктық халық сотында қаралады.

Ағаш саудасы қоймасында қала еңбекшілеріне Кузнецк бассейнінің тас көмірі сатылады. Сол сияқты мұнда ұйымдарға сату үшін еденге төсейтін керамикалық плиткалар мен төбе жабатын толь бар.

### Петропавл қалалық электр сетіне

түпкілікті жұмысқа электр монтерлері, электр монтерлігіне үйренушілер және ағаш шеберлері КЕРЕК.

АДРЕС: Совет көшесі 81-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01705. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.